

Ақжайық ауданындағы кітапхана ісі саласы өмір сүре бастаған күннен бастап әр жылдары, әртүрлі мерзім аралығында... кітапханашылар өз өмірлерінің бөлшегін арнап, ал - қадірінше абыройлы қызмет атқарған екен. Төменде қысқаша ғұмыр деректері берілген кітапханашыларымыздың бірқатары бүгін арамызда жоқ. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмауы тиіс» - деген шежіре қағидасын ұстанып, сол қызметкерлеріміздің тізбесін беріп отырмыз.



Акутина Людмила Валентиновна 1955 жылы 21 қазанда Саратов облысында Боглашов қаласында дүниеге келген. 1961 жылы ол 1 – ші классқа барып, осы қалада мектепті бітірген. 1980 – 1982 жылдары Ақтөбе қаласындағы мәдени ағарту училищесін бітіріп, кітапханашы – библиограф орта квалификациялы мамандығын алған. 1980ж мамырдан бастап Ақжайық аудандық кітапхананың абонемент бөлімінің кітапханашысы, 1982-1986 жж. Аудандық кітапхананың библиографы. 1986ж тамыздан аудандық кітапхананың балалар бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс жасайды. 2002 ж. «Қазақстанның кітапхана орталығы Орал 2002» Республикалық семинар – жиналысқа қатысты. 2005 ж. «Ауыл кітапханаларында балалармен жұмыс істеудің жаңа бағыттары атты Республикалық аймақтық семинарға қатысты . 2006 ж. Облыстық кітапханашылар конкурстарына қатысып жүлделі орындарды иеленіп отырды. 1999 жыл – Экология тақырыбы бойынша «Жер шарын қорғайық» атты облыстық байқауда таңдаулы иллюстрациялық кітап көрмесі үшін III – орын, 1999-2000 жыл – салауатты өмір салтын насихаттау ісінде «Барыс балалары күшті болуы тиіс» атты облыстық байқауда II – орын, 2000 жыл – «Ананың әңгімесі» атты облыстық байқауға қатысты, 2003 жыл – «Жайық ұландары және кітапханалар есірткісіз Қазақстан үшін» атты облыстық акцияға атсалысып бағалы сыйлықпен марапатталды, 2004 жыл – Облыстық кітапханалар арасында балалармен жасөспірімдерге экология бойынша жүргізілетін ағарту жұмыстарының жобасы бойынша өткізілген байқауда I – орын, 2005 жыл – Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 160-жылдығына орай «Есімі – халық мақтанышы» атты облыстық шығармашылық байқауда ынталандыру сыйлығы, Ш.Бөкейдің 160 жылдығына орай «Еркіндік аңсаған ақын» байқауынан III орын иеленді. Байқауға әзірлеген құралдары: кітапхана жобасында өңделген жұмыстар «Экология. Кітап. Балалар» 2004 ж., Ш. Бөкейдің 160 жылдығына орай «Еркіндік аңсаған ақын». «НұрОтан» ХДП мүшесі.



Абдугажиев Құдес 1920 жылы 11 қыркүйекте Орал облысы Қаратөбе ауданы, Сүйінәлі ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

1952 жылы Орал педогогикалық институтының география мамандығы бойынша бітірген.

Мәскеу ауыл шаруашылық институтын бітірген.

Еңбек жолы:

1952 жылы Первомай мектеп – интернатында қатардағы оқытушы.

1954 – 1960 жылдары мектеп директорына дейін көтерілді.

1960 – 1963 жылдары Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі.

1963 – 1965 жылдары Первомай кәсіптік мектебінің директор орынбасары, артынан директоры.

1965 – 1972 жылдары Первомай мектеп – интернатының мұғалімі.

1972 жылы ауыл шаруашылығы мамандарының білімін жетілдіру институтының бал арасын өсіру жөніндегі курсы сырттай бітіріп, совхоз орталығында бал арасын өсірумен айналысты.

1972 – 1977 жылдары ауыл кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істеген.

Қазақ ССР білім беру ісінің үздігі, бірнеше медальдармен, грамоталармен марапатталған.

Зайыбымен 10 бала өсіріп, тәрбиелеп, 1978 жылы дүниеден өтті.

Алғазиева Рабига 1942 жылы туған.

1965 – 1969 жылдарда Болдырев ауыл кітапханасының кітапханашы;

1 айлық кітапханашылар курсы бітірген.



Абдрахманова Фариди Жалелқызы 1940 жылы Жаңақала ауданында дүниеге келді.

1961 жылы Орал қаласындағы қазіргі Жұбан Молдағалиев атындағы кітапхананың жанындағы 1 жылдық кітапханашылар курсы бітіріп шыққан.

Содан кейін Ақтөбе қаласындағы мәдени – ағарту училищесінде еңбек ете жүріп, сырттай оқу бітірген.

1968 жылдан аудандық мәдениет бөлімінің бастығы Галиев.К.Х. атынан алғыс хат алған.

1978 жылға дейін кітапханашы болып қызмет атқарған. Қазіргі уақытта зейнеткер.



Айдосова Айгүл Мұратқызы 1972 жылы 27 шілдеде Ақтөбе қаласында дүниеге келген.

1991 жылы шілде айында Чапаев ОКЖ - ға жұмысқа орналасты, қазіргі уақытта кітапхананың қорын толықтыру бөлімінде жұмыс істейді.

Білімі жоғары. 2001 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетке түсіп, осы аталған университетті 2006 жылы «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша бітірген.

2004 жылы облыстық кітапханада өткен «Кітапхананы автоматизациялау» атты семинарға қатысты. «Нұр Отан» ХДП мүшесі.



Амандосова Меңсұлу Қонысқызы 1969 жылы дүниеге келген. 1976 жылы Қожақар орта мектебіне барып, 1987 жылы бітіріп мектеп табалдырығын аттады. Ол 1987 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, осы аталған училищені «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 1989 жылы бітіріп шықты.

1991 – 2001 жылдары Қожақар ауыл кітапханасына бас кітапханашы міндетіне жұмысқа алынды.

2008 жылдың мамыр айынан Мойылды ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Айтжанова Айжан Асқарқызы 1969 жылы дүниеге келген. Ол 1986 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1988 жылы аталған училищені «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітірді. 2002 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «Кітапхана ісі және библиография» мамандығы бойынша толық курсын бітіріп шықты. Қазіргі уақытта Тінәлі ауылдық кітапханасының кітапханашысы.



Аяпкалиева Гүлайым Каримуллақызы 1961 жылы дүниеге келген. Ол 2003 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, 2006 жылы «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша толық курсын бітіріп шықты. Қазіргі уақытта ол Есенсай ауылдық кітапханасының меңгерушісі. Ауылдық әйелдер кеңесінің төрайымы. «Нұр Отан» ХДП мүшесі.



Ажгереева Шолпан Сұлтанқызы 1944 жылы Чапаев совхозының Қызылжар ауылында дүниеге келген.

1960 жылы Комсомол мүшесі. (ВЛКСМ).

1965 жылы Ақтөбе қаласындағы мәдениет және өнер училищесіне кітапханашы мамандығы бойынша оқуға түсіп, бітіріп шығады да, Кожехар ауылында кітапханашы болып жұмыс істейді. Кітапханадан зейнеткерлікке шықты. Бірнеше ұл – қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ана.



Айтжанова Сауле 1963 жылы туған.

1981 – 1983 жылдарда Болдырев ауыл кітапханасының кітапханашы;



Айтмағамбетов Сергей 1937 жылы туылған. Көп жыл автоклуб меңгерушісі болып, Жыланды елді мекенінде партком болып, 1994 жылы Қарауылтөбе кітапханасында еңбек етіп, 2000 жылы зейнеткерлікке шықты. Ұзақ жыл адал еңбегі үшін есімі Қазақ ССР – нің “Алтын Құрмет Кітабына” жазылды. 1976 – 1986 жылдары мәдениет қызметкерлерінің Бүкілодақтық съезіне облыстан 2 мәрте делегат болып қатысқан. “Қазақ ССР – нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері”.



Алмұқанова Алтынай Алмұқанқызы 1947 жылы желтоқсан айының 26 жұлдызында Тайпак ауданы Базартөбе ауылында дүниеге келген.

1955-1966 жылдары Калмыков орта мектебін бітіріп, 1966-1967 жылы Орал облыстық халық шығармашылық үйі жанынан селолық клуб қызметкерлерін даярлайтын бір жылдық курсында оқып, мамандығын жетілдіру мақсатында 1968-1969 жылы Ақтөбе қаласындағы мәдени – ағарту училищесін бітіріп, мамандығы бойынша 1969 жылдан

1985 жылға дейін Базартөбе ауылдық орталық кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқарған.

1985 жылы ауылдық кеңестің депутаттыққа ұсынылып, сайланған А.Алмұқанова ауылдық кеңестің хатшылық қызметіне ауыстырылып, осы салада 1998 жылдың қазан айына дейін қызмет атқарған көп балалы ананың бірі.

Алмұқанова Алтынай еңбек еткен жылдары қызмет еткен ұжым атынан бірнеше рет алғыс хат және мадақтау

грамоталарымен марапатталған азаматша. Қазіргі кезде зейнет демалысында.




Абишева Алтынай 1946 жылы Тайпақ ауданы, Жантемір ауылында дүниеге келген. Тайпақ ауылынан 8 жылдық мектепті бітірді. Комсомол қатарына өтіп, жас комсомолдармен бірге колхоздарда сахманда, шөпте, қой қыркуда сияқты әр түрлі жұмыстарда жүрді.

1965 жылы көктемде Ақтөбе мәдени – ағарту училищесінің Орал қаласындағы филиалына сырттай оқуға қабылданып, 1969 жылы бітірді.

1965 жылы арыз беріп клуб ашты, сол жылы клуб ішінде жылжымалы кітапхана ашылған. Кітаптарды Котельный совхозындағы кітапханадан алып тұрған, ол кезде Котельный ауылының кітапханашысы Қыдырғалиев Мошан ағай болған еді. Алғаш ашылған жылдары жылжымалы кітапханамен шопандарды, бригададағы жұмысшыларды аралап жүрген.

Алтынай апай кітапханашы болған кезде 1984 – 1985 жылдары Геннадий Шульга, Зейнеп Қойшыбаева, Әсет Бейсеуов секілді танымал тұлғалар ауылға келіп, өнер көрсеткен.



Ақжолова Құрмет Құспанқызы – 1944 жылы Орал облысы, Тайпақ ауданы, Қарауылтөбе ауылында дүниеге келген.

1951-1958 жылдары Тайпақ орталау мектебінің 7 класын бітіріп, 8 класты Қалмыков орта мектебінде оқып, 8 жылдық біліммен 1960-1963 жылдары Ақтөбе мәдени ағарту училищесінің кітапхана ісінің мамандығын алып шықты.

1964-1969 жылдары Орал қаласының А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педогогикалық институтының биология мамандығын сырттай оқи жүре, 1967-1969 жылдары Базартөбе ауылдық кітапханасының меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1969-1997 жылға шейін Базартөбе орта мектебінде биология пәнінен ұзақ жылдар бойы шәкірттерге саналы да сапалы білім берумен шұғылданып, 1997 жылы зейнет демалысына шыққан азаматша.



Ахметжанова Қалампыр 1956 жылы Тайпақ ауданы Харьков селосында дүниеге келген.

1972 жылы 8 жылдық білім алып, сол жылы Атырау қаласындағы МКТУ №12 – ге оқуға түсті.

1979 – 1981 жылдары Орал қаласындағы ауылшаруашылық техникумында білім алған.

1984 жылы Ілбішін совхозындағы 3 – ші бөліміне жұмысқа жіберілген.

Соңынан мамандығы бойынша жұмыс болмай, 1984 – 1996 жылдары Ілбішін ауыл кітапханасында кітапханашы қызметін атқарған.

Абдрашева Балкенже 1949 жылы дүниеге келген.

1956 – 1964 жылы Харькин орталау мектебінде оқыды. Сол жылдан 1969 жылға дейін Харькин орталау мектебінде кіші қызметкер болып жұмыс жасады.

1969 – 1971 жылдары Орал қаласында тігіншілер даярлайтын курсына оқып, тігінші мамандығын алды.

1971 – 1973 жылдары Харькин ауылындағы почтада жұмыс жасады.

1970 – 1976 жылдары Харькин селолық кітапханада, кітапханашы болып жұмыс жасады.

1976 жылы семья жағдайына байланысты Калмыковтағы тігін цехында аға тігінші болып, жұмыс жасады. Жұмыс жасай жүріп қоғамдық жұмыстарға белсене араласты.

Партия, комсомол ұйымдарын басқарды.

1985 жылы еңбегім бағаланып «Еңбек қызыл ту» орденімен марапатталды. Қазіргі уақытта зейнеткер.



Абдрахманова Райса 1990 – 1991 жылдары Жайық ауыл кітапханасында қызмет атқарған.

Адилова Қазымжан Әділқызы 15 мамыр 1936 жылы Кальмыков ауылында дүниеге келген. 1954 жылы Кальмыков орта мектебін бітірген. 1955 – 1957 жылдары Ақтөбе қаласындағы мәдени – ағарту училищесінде оқыған. 1957 жылдан орталық кітапханада кітапханашы 33 жыл жұмыс жасаған. 1983, 1987, 1991 жылдары « Құрмет » грамотасымен марапатталған. Еңбек ардагері медалінің иегері. 2001 жылы 9 сәуірде дүниеден озды.

Абдрашева Ақкенже 5 қаңтар 1949 жылы Тайпақ ауданы Харькин селосында дүниеге келді. 1956-1964 жылдары Харькин сегіз жылдық мектебін, 1966 жылы Кальмыков орта мектебін бітірді.

1966-1967 оқу жылында Тайпақ орта мектебінде бастауыш сынып оқытушысы болып еңбек етті. 1967 оқу жылынан 1976 жылға дейін Харькин сегіз жылдық мектебінде

оқытушы аға пионер вожатый болып жұмыс атқарды. 1976 жылдан 1991 жылға дейін Харькин селолық кітапханада кітапханашы болды.

1976 жылдан 1991 жылға дейін ферма цехтық партия ұйым секретары болып қоғамдық жұмыс атқарды.

1981-1983, 1983-1985, 1986-1988 жылдары лесхоз сайлау округі бойынша ауылдық советінің депутаты болып сайланған.

Аудандық комсомол ұйымынан құрмет грамотасымен.

11 май 1972 жылы ВЛКСМ орталық комитетінің 50 жылыдығына байланысты ВЛКСМ орталық комитетінің «Құрмет грамотасымен» наградталған. Кітапхана жұмысынан 11 қаңтар 1983 жылы

14 наурыз 1988 жылы

Аудандық партия комитетнен, Аудандық кітапхана бөлімінен Құрмет грамотасымен наградталған.

Аймашева Меңсұлу Жанғалиқызы 1959 жылы дүниеге келген. Ол 1979 жылы Гурьев мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, аталған училищенің толық курсы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 1981 жылы бітіріп шықты. 1982 жылдан бастап ол Тайпақ ауыл кітапханасының кітапханашысы.

Альденова Эльмира – 1974 жылы Кеңсуат ауылында дүниеге келген. 1994 жылы Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін бітіргеннен кейін алғашқы еңбек жолын аудандық кітапханада бастады. Берілген тапсырмаларды мұқият орындай отырып, өткізілетін мәдени-көпшілік шараларға белсене араласты. Кейіннен Кеңсуат ауылдық кітапханасында кітапханашы болып қызмет атқарды. 1999 жылдан бері Орал қаласында жұмыста.



Бахтиярова Раушан Жұмағалиқызы Чапаев ауданының Калинин селолық советіне қарасты Талпын селосында шопандар отбасында дүниеге келді. 1961-1966 жылдар аралығында Калинин бастауыш мектебінде, кейін 1967-1971 жылдары Аңқаты орта мектебін бітіріп, Бір жыл ауыл шаруашылық жұмысына араласып, аға шопанның көмекшісі болып жұмыс жасады. 1972 – жылы Орал қаласындағы Н.К.Крупская атындағы бір жылдық кітапхана курсы оқыды. 1973 жылы кітапханашы мамандығын тамамдап еңбек жолын 1974-1975 жылдар аралығында Киров селолық советіне қарасты Бесоба ауылында 2-жыл жұмыс жасады. 1974 жылы Чапаев аудандық мәдениет бөлімінің құрмет грамотасымен марапатталды.

1975-1977 жылдары Чапаев ауданы Еңбек селолық кітапханасына ауыстырылып, кітапханашы болып жұмыс жасады. 1976 жылы Чапаев ауданы комсомол мүшесі Бахтиярова Раушан «Еңбек» совхозындағы Калинин селолық кітапханасында төрт жыл кітапханашы болып, үлгілі еңбек еткені үшін бағаланып, «Орал өңірі» газетіне шығарды.

1977 жылдың тамыз айында жанұя құрамына байланысты Бесоба аудандық кітапханасында қайтадан кітапханашы болып орналасты.



Бисенгалиев Сагындық Орынғалиұлы. 1957 жылы 23 сәуірде Орал қаласында дүниеге келген. 1964 жылы «Ленин жолы» бастауыш мектебіне барып, Базартөбе орта мектебін 1974 жылы бітірген.

1979-1990 жылға дейін механизатор болып жұмыс істеген. 1990 жылдан өнер саласында.

1991-1996 жылдары Базартөбе қ/совхозы директорының жастар ісі жөніндегі орынбасары.

1998 жылдан осы кезге дейін ОКЖ –де кітапханашы, әдістемеші болып жұмыс жасайды

Республикалық, облыстық айтыстардың бірнеше дүркін жеңімпазы. Ақтөбе қаласында

өткен Шәкәрім қажы атындағы халықаралық айтыста III орынға ие болған. Сондай-ақ Ереймендегі «Бөгенбай батырға -300 жыл», Атырауда өткен «Исатай батырға – 200 жыл» Алматыдағы «Наурыз айтысқа» және Сырым тойларына қатысқан. Аудандық баспаханада «Кешігіп келген көктем» атты жыр жинағы жарық көрді.



Бисенгалиев Айнабек Сагындықұлы 1986 жылы дүниеге келген. 2005 жылы Жаханша Досмұхамедов атындағы Орал педагогикалық колледжіне «Қазақ тілі және әдебиет» мамандығы бойынша оқиды. 2006 жылдың желтоқсан айынан бастап Қадырқұл ауылдық кітапханасының кітапханашысы.



Бадракова Айман Сүйегенқызы 1967 жылы дүниеге келген. 1986 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне түсіп 1988 жылы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2007 жылдан бері Тайпақ ауылдық кітапханасына кітапханашы болып жұмысқа орналасып, осы күнге дейін қызмет атқаруда.



Бадракова Шолпан Сүйегенқызы 1967 жылы дүниеге келген. Ол 1988 жылы Ақтөбе мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1990 жылы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1991 жылдан бастап ол Тайпақ ауыл кітапханасының кітапханашысы.

Бужанов Абай Қайыржанұлы 1974 жылы Чапаев ауданы, Первомай ауылында дүниеге келген. Бітік орта мектебін бітіргеннен кейін Орал мәдени – ағарту училищесіне түсіп, бітіреді. Ауыл Мәдениет үйінде көркемдік жетекші, кітапханашы болып қызметтер атқарған. Қазіргі кезде Чапаев ауылында тұрады, аудандық саз мектебінде сабақ береді.



Бужанова Алия Қайыржанқызы 1965 жылы дүниеге келген.

1972 жылы мектепке барып, 1982 жылы онжылдықты Первомай орта мектебінен бітірді.

1984 – 1986 жылдары Орал мәдени – ағарту училищесінде «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша білім алды.

1986 – 1990 жылдары аралығында аудандық кітапханада кітапханашы, библиограф қызметтерін атқарды



Бейлов Тлекбай Сакипович 1952 жылы дүниеге келген. 1959 жылы мектепке барып, 1969 жылы онжылдық мектепті аяқтаған.

Есенсай ауыл округі Кеңсуат ауылында тұрып әр түрлі қызметтер атқарған.

1996 жылы Кеңсуат ауылдық кітапханасына кітапханашы қызметіне алынды.

2003 – 2005 жылдары Қаскелең мәдениет колледжін «Кітапхана ісі» бөлімін аяқтады. Арнаулы орта білімді маман. Қазіргі уақытта Кеңсуат ауылдық кітапханасында кітапханашы қызметін атқаруда.



Бержанова Жаңылсын Силымбайқызы 1966 жылы дүниеге келген. Бітік орта мектебін 1982 жылы бітірген. Мектептен кейін Орал педагогикалық училищесінде оқып, «Мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиешісі» мамандығын алады. Еңбек жолын «Первомайский» совхозындағы бала – бақшасында мамандығы бойынша тәрбиеші болып бастайды.

1996 – 1998 жылдары ауыл кітапханасында кітапханашы болып істейді.

1998 жылы отбасымен Орал қаласына көшіп, 2003 жылы дүниеден озды.



Бисенғалиева Дәмелі Сембіқызы 1966 жылы дүниеге келген. Ол 2001 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне түсіп, 2006 жылы осы аталған университетті «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Қазіргі уақытта ол Тегісжол ауыл кітапханасының кітапханашысы.

Бекесов Айтысбай – 1958 жылы Тайпақ ауданы Калмыково селосында дүниеге келген. 1965-1975 жылы Калмыков орта мектебінде білім алған. 1975-1999 жылы аудандық жол мекемесінде, содан кейін Қ.Байсықов атындағы орта мектепте, ал 2002 жылдан бастап суретші-безендіруші болып жұмыс жасайды.

Батырова Агилаиш 1952 жылы Киров селолық Советіне қарасты Қарағай ауылында дүниеге келген. 1959 – 1963 жылдары Қарағай бастауыш мектебінде оқыған. 1963 – 1970 жылдары Киров орта мектебін бітіріп, сол жылдан бастап Бесоба кітапханасына кітапханашы болып жұмыс жасаған. Сол кездегі саясатқа байланысты кітапхананың күнделікті ауыл еңбектеріне мәдени шараларды дала қоныстарында, шопандар қыстағында аралап газет – журналдарды, кітаптарды жылжымалы кітапхана арқылы халыққа түрлі насихат жұмыстарын жүргізіп отырған. Ол кісінің басқа жұмысқа ауысуына байланысты, орнына басқа кітапханашы келді.



Габдуллина Зоя Еділбайқызы 1967 жылы дүниеге келген. Ол 1984 жылы Құрманғазы атындағы саз колледжіне түсіп, 1986 жылы аталған колледжді «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша аяқтады. 1988 жылдан бастап ол Шабдаржап ауыл кітапханасының кітапханашысы.

Габдуллина Тойған 1955 жылдары Атамекен ауыл кітапханасы алғаш ашылған кезде қызмет істеген.




Габдуллин Отарғали 1937 жылы Первомай ауылдық округі (бұрынғы Бітік совхозы), Жетішолан ауылында дүниеге келген. 1943 жылы Емен ауылында (ферма орталығы) 1 сыныпқа барды.

1944 – 1946 жылдарда Ұзын Иван ауылында (қазіргі Болдырев) бастауыш сыныпта оқыды.

1946 – 1949 жылдарда Бітік орта мектебінде оқып, 1949 жылдың қараша айынан бастап Жымпиты (Правда совхозы, №117 жылқы зауыты) ауданында орта мектепте оқып, 1956 жылы Жымпитыдан 10 класты аяқтады.

1956 жылы сол жақтан Армия қатарына алынып, 1959 жылы әскерден туған ауылы Болдыревқа келді.

1959 – 1965 жылдар аралығында осы ауылда кітапханашы болып жұмыс атқарған. Сонымен қатар поштада қызмет атқарды.



Галимуллина Любовь Анатольевна 1962 жылы Гурьев қаласында дүниеге келген. 1978 жылы мектепті аяқтап, сол жылы Гурьев мәдени – ағарту училищесіне «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша оқуға түсті. 1981 жылы училищесін тәмәмдап, сол жылы жолдама бойынша Орал облысы, Чапаев селосына балалар кітапханасына кітапханашы болып жұмысқа келді.

1988 жылдан осы күнге дейін Чапаев ауылының № 1 орта мектебінде кітапхана меңгерушісі болып қызмет етуде.

1994 жылы Орал қаласында өткен облыстық балалар және жасөспірімдер оқуына басшылық жасау конкурсында дипломмен марапатталған.

1998 жылы облыстық өлкетану әдебиетін насихаттауда I орынға ие болды.

2000 жылы аудандық өлкетану әдебиетін насихаттау байқауы сайысында жүлделі I орынға ие болғаны үшін марапатталды.



Гилманова Гүлнар Гилманқызы 1975 жылы Чапаев ауданында дүниеге келген.

1992 жылы Чапаев №2 қазақ орта мектебін бітірді.

1994 жылы А.Иманов атындағы КГУ – ды хатшы – машина басушы мамандығы бойынша бітірді.

2000 – 2007 жылдары Жайық ауылының байланыс бөлімшесінің меңгерушісі болып жұмыс істеді.


2007 жылдың қараша айынан бастап Жайық ауылдық кітапханасының кітапханашысы қызметін атқаруда.



Грудкина Таусия Васильевна 1926 жылы дүниеге келген. 1972 – 1985 жылдар аралығында Чапаев ауылындағы аудандық кітапханада, орталық балалар кітапханасында кітапханашы, библиограф қызметтерін атқарды.



Дауленова Бибігүл Ғалымқызы 1974 жылы Чапаев ауылында дүниеге келген. 1981 жылы мектепке барып, 1991 жылы №1 орыс мектебін бітірді. 1997 жылы 21 шілдеден Орталықтандырылған кітапхана жүйесіне өңдеу және толықтыру бөліміне жұмысқа орналасып жұмыс істейді. 2001 жылы Дәулеткерей атындағы өнер институтының «Кітапхана және библиография» бөліміне түсіп 2006 жылы бітірді. «НұрОтан» ХДП мүшесі.



Джаубатырова Ардақ Сисенбайқызы 1985 жылы 8 қарашада дүниеге келді. 1992 жылы 1 класқа барып, 2003 жылы мектепті бітірді. 2003 жылы «Экономика және ақпараттық технология» колледжінде «Бухгалтерлік» маманын 2005 жылы бітіріп шықты. 2005 жылы Бітік ауылына жұмысқа орналасты. 2006 жылы Құрманғазы атындағы саз колледжіне «Кітапхана ісі» мамандығына оқуға түсті. 2008 жылы оқуды бітірді.



Дәулетқалиева Жаңыл 1953 жылы ақпан айында дүниеге келген. 600 кітаппен “қызыл бұрыш” болып жұмыс жасаған. 1963 жылы “Қаракөл” кітапханасы болып ашылды. 35 жыл кітапханашы болып, 2 жыл мұғалім, барлығы 37 жыл үзіліссіз жұмыс жасаған. “Қазақстанның үздік кітапханашысы” деген дипломмен марапатталған. 55 жасынан 1987 жылы зейнеткерлікке шықты.



Даулетиярова Ғалия Серікқызы 1961 жылы Орал облысы, Тайпақ ауданы, Жанама ауылында дүниеге келген. 1978 жылы Жанама орта мектебін бітіріп, Атырау мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1981 жылы кітапханашы мамандығы бойынша білім алды. Сол жылы Жанама ауылының кітапханасына кітапханашы болып жұмысқа орналасты. 1986 жылдың қыркүйегінен Базаршолан ауылдық кітапханасында кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқаруда.

Осы кітапханашылық қызметін атқарған жылдарында 2 рет білімін көтеру үшін зерделі кеңестерге қатысты. 1992 жылдың 18 қарашасынан «Оқырмандармен жұмыс істеуді жоғары сатыға көтеру жолының формасы мен әдістері» атты тақырыпта екі жұмалық зерделі кеңестің бағдарламасын тыңдады.



Демеуова Бубидариға Төрекұлқызы 1954 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген, 1961 жылы мектеп табалдырығын аттап, 1971 жылы мектепті тәмәмдап, осы жылы Шымкент қаласындағы кооперативтік техникумына түсіп, 1973 жылы «товаровед» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Кеңес дәуірінің ыдырау кезеңінде көп жұмыстардың қысқарып, жабылуына байланысты, 1990 жылы кітапхана ұжымына кітап өңдеу бөліміне қызметке келіп, осы жылы Орал мәдени – ағарту училищесінің «кітапхана ісі» бөліміне оқуға түсіп, 1992 жылы бітірді. 1991 жылдың тамыз айынан балалар кітапханасының абонемент бөліміне ауыстырылып 17 жыл тапжылмай, қызығы мен қиындығы мол қызметіне бүгінгі күнге дейін еңбек етіп келеді. Кәсіби біліктілігін арттырып, түрлі облыстық семинарларға қатысып, аудандық семинарларда «балалар кітапханасының іс – тәжірибесі», «балалар оқуына басшылық», «кітапхана ісін жарнамалау» мәселелерге баяндама жасады. Кітапхана қабырғасындағы ұйымдастырылған әртүрлі мерекелік шараларды өткізу барысында, ұшқыр қиялды, шебер ұйымдастырушы ретінде жастарға үлгі бола білді. Жоғары кәсіби біліктілігі, өз ісіне жауапкершілік, өз оқырмандарының сұранысын қанағаттандыруды басты парызым деп түсінетін Дариға Төрекұлқызының еңбегін бағалап аудан әкімінің атынан, 2000 жылдың «Үздік кітапханашысы» деген Дипломмен марапатталды.



Дүйсенғалиев Нұрбек Мұратұлы 1980 жылы дүниеге келген. 1987 жылы Қарауылтөбе ауылындағы негізгі мектептен 1-ші класты бастап, осы мектептен 1997 жылы онжылдық білім алып шықты. Ол 1997 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне түсіп, 1999 жылы осы аталған училищені «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітірді. 2000 жылдан бастап ол Қырыққұдық ауыл кітапханасының кітапханашысы. «НұрОтан» ХДП мүшесі.



Джалелова Роза Кәрімқызы 1969 жылы Ресейдегі Саратов қаласы, Перелюб ауданы, Халманка ауылында дүниеге келген. 1986 жылы Ақсуат ауылындағы Каленый орта мектебін бітіріп, 1986 – 1988 жж. Орал қаласының мәдени – ағарту училищесін кітапхана ісі бөлімін бітірген. 1989 жылдан бастап мамандығы бойынша Ақсуат ауылдық кітапханада кітапхана меңгерушісі қызметін атқаруда. Ақсуат сайлау мүшесінің хатшысы. 2001-2004 ж.ж. М. Өтемісов атындағы мемлекеттік университетке түсіп кітапхана тану және библиография бойынша толық курсты сырттай бөлімін бітіріп шықты.

Даулетова Мағия 1941 жылы Орда ауданының Бекетай құмында туған. 1949-1959 жылы орта білім алып шықты. 1961 жылы Алматы қаласында Мемлекеттік Қыздар институтына оқуға түсіп, 1965 жылы бітіріп шықты. 6-шы Бүкілодақтың жастар фестивалінің лауреаты атағын алды. 20 жыл аудандық мәдениет бөлімінің партия ұйымының жетекшісі болды. 1971 жылы аудан әйелдерінің Ү съезінің делегаты. 1975 жылы кальмыков селолық Советінің депутаты болып сайланды.



Ескендірова Жұпар Байбатырқызы – 1949 жылы 15 наурызда Батыс Қазақстан облысы, Алмалы ауылында дүниеге келген. 1956-1966 жылдары Кальмыков орта мектебін бітірген. 1966-1967 жылдары Орал қаласындағы 1 жылдық Крупская кітапханшылар даярлайтын курста оқыған. 1967 жылы Сұлтан кітапхансында кітапханашы болып еңбек жолын бастаған. 1969-1971 жылдары Ақтөбе мәдени ағарту училищесінде оқып, арнаулы орта білімді кітапханашы мамандығын алып шығады. 1969 жылдан бастап, Тайпақ орталық оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінен 2007 жылы зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін жұмыс атқарды. 1987 жылы, 1988 жылдары Алматы қаласында білімнің жетілдіру курсына оқыды. Еңбегіне қарай бірнеше грамоталармен, дипломдармен, бағалы сыйлықтармен марапатталған. « Үздік кітапханашы » атағын 1980 жылы жеңіп алған.

Есенова Нұрбике -1954 жылы туған. Орал педагогикалық училищесінің түлегі. 1979-1985 жылдар аралығында кітапханада жұмыс жасады.



Есімова Айгүл Күнболатқызы 1982 жылы дүниеге келген. Кожехар ауылында дүниеге келген. 1988 орта мектебінің 1 – ші класқа барып, 1999 жылы Жаңабұлақ орта мектебін бітірді.

Ол 1999 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне түсіп, осы аталған университетті «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша 2004 жылы тәмәмдады. 2005 жылдан бастап ол Жаңабұлақ ауыл кітапханасының кітапханашысы. “Нұр Отан” ХДП мүшесі.



Ергалиева Камшат 1978 жылы Тайпақ ауданы, Базаршолан округі, Қаракөл совхозында дүниеге келген.

1995 жылы №11 Орал қаласындағы мектеп – интернатты бітірді.

1998 жылы Жаханша Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжді «Бастауыш класс оқытушысы» мамандығы бойынша тәмәмдады.

1998 – 2006 жылдары аудандық балалар кітапханасында кітапханашы болып қызмет істеді. Сонымен қатар сырттай Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «Қазақ тілі және қазақ әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша бітірді.



Ермуханова Ләззат Бауыржанқызы 1971 жылы дүниеге келген. 2004 жылы М.Өтемісов атындағы мемлекеттік университетіне түсіп, 2007 жылы аталған университетті сырттай «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша аяқтады. 2007 жылдың маусым айынан Мерген модельді ауылдық кітапханасына кітапханашы болып жұмысқа алынды.



Ефремова Нина Григорьевна 1955 жылы 13 шілдеде Коловертной ауылында дүниеге келген. 1972 жылы мектепті бітірген. 1972-1973 жылдары Қызылорда қаласында кәсіптік мектептен білім алып, тігінші болып 1979 жылға дейін аудандық өндіріс комбинатында іс тігуші мамандығы бойынша жұмыс істеген. 1981 жылы Коловертной кітапханасында жұмыс істей жүріп, 1982 жылы айлық бөлімді бітіріп бүгінгі күнде сол кітапхананың кітапханашысы.



Жақсыбаева Злиха Аронқызы 1952 жылы Тасқала ауданы Щипов совхозында дүниеге келген.

1959 – 1969 жылдары осы совхоздағы орта мектепте білім алып, 1969 – 1973 жылдары А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих – филология факультетін бітірді.

Еңбек жолын Тасқала ауданының Н.К.Крупская атындағы орта мектепте мұғалім болып бастады. Кейін тұрмысқа шығуына байланысты Чапаев аудан орталығына ауысты. Өз мамандығы бойынша орын болмағандықтан, редакция, кітапханада қызмет атқарды.

1978 – 1983 жылдары аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі қызметін атқарды.

1980 – 1982 жылдары облыстық «Мақтау қағаздарымен» марапатталып, 1981 жылы Алматы қаласында ұйымдастырылған балалар кітапханасы мен мектеп кітапханашыларының республикалық семинарына қатысты. Қазіргі таңда М.Әуезов атындағы қазақ орта мектебінде еңбек етуде. Жоғарғы санатты мұғалім, аудандық, облыстық, республикалық мадақтаулары бар. «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі».



Жұбанғалиева Қаламқас Тілегенқызы 1970 жылы

3 қарашада Алматы облысында туған. 1978 – 1988 жылдары қазіргі Ақжайық ауданы Ақсуат ауылындағы орта мектебінде оқыды. 1990 жылы Алматы облысы Қаскелең мәдени – ағарту училищесінің кітапханашы мамандығына оқып тамамдаған. 1990 жылдың тамыз айынан бастап Ақжайық аудандық ОКЖ –да кітапханашы болып жұмыс істейді. 2006 жылы сәуір айында Алматы қаласындағы қазақтың мәдениет және өнертану ғылыми-зерттеу институты жанындағы мамандарды кәсібін жетілдіру курсына білімін жетілдірген. 2004 жылы қыркүйек айында Аудандық ОКЖ – да өткен «Үздік кітапхана» байқауына қатысып жүлделі орынды иеленді.



Жанғалиева Жамига 1967 жылдан Атамекен ауыл кітапханасында қызмет атқарып, кітапхана саласынан зейнеткерлікке шықты.



Жұбанғалиева Тойған Қойшыбайқызы 1959 жылы Самара облысында дүниеге келді.

1983 – 1989 жылға дейін Чапаев ауылындағы ОКЖ - де абонемент бөлімінде қызмет атқарған.

1989 – 2002 жылға дейін № 1 орта мектепте кітапханашы қызметін атқарған.



Жиенбаева Айгүл Аманғалиқызы 1961 жылы дүниеге келген. 1981 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп,

1983 жылы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1990 жылы ол Ақжол ауыл кітапханасына


кітапханашы болып қабылданды.



Жанғалиева Софья Тлекқабылқызы 1975 жылы дүниеге келген. Ол 2003 жылы МКҚК «Құрманғазы атындағы саз

колледжіне» түсіп, 2005 жылы Қаскелең мәдениет колледжін «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша толық

курсын бітіріп шықты. 2006 жылдың тамыз айынан Атамекен ауыл кітапханасына кітапханашы міндетіне жұмысқа алды.



Жанашева Тания 1953 жылы дүниеге келген. Ол 1969 жылы Ақтөбе мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп,

аталған училищені 1971 жылы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша тәмәмдады. 2007 жылдың қаңтар

айынан ол Жұбан ауыл кітапханасының меңгерушісі.



Жайжанова Гүлсара Хасанқызы 1956 жылы дүниеге келген.

1962 жылы мектепке барып 1972 жылы бітірген. Арнаулы орта білімді маман.

1974 жылдан Құрайлысай ауыл округі, Өтібек ауылдық кітапханасында күні бүгінге дейін кітапханашы қызметін атқарып келеді.

Жұбаева Баржекен Сахиқызы 1971 жылы дүниеге келген. Ол 2004 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс

Қазақстан мемлекеттік университетке «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша оқуға түсіп,

қазіргі кезде сырттай білім алуда. Ол Битілеу ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Жұмабаева Анар 1968 жылы дүниеге келген. Ол 2001 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетке оқуға түсіп, осы аталған университетті «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша 2006 жылы тәмәмдап шықты. Қазіргі уақытта ол 2000 жылдан бастап Қызылжар ауыл кітапханасының кітапханашысы қызметін атқаруда.



Жұмақаева Гүлжан Төлегенқызы 1949 жылы дүниеге келді. Мектеп бітіргесін Қазақ Мемлекеттік педагогикалық институтының кітапханашылық бөліміне оқуға түсті. Оны 1972 жылы бітіріп келіп, 1979 жылға дейін Тайпак аудандық мәдениет бөлімінің нұсқаушысы, балалар кітапханасының меңгерушісі, кейін орталықтандырылған аудандық кітапхананың директоры болып жасады. 1982 жылғы мамыр айынан бастап Гүлжан Төлегенқызы Н.К.Крупская атындағы облыстық ғылыми - әмбебап кітапхананың директоры болып жасады. Қазіргі уақытта зейнеткерлік демалыста.

Жұмақаева Алия Бақытқызы 1963 жылы Калмыково селосында дүниеге келген.

1980 жылы Краснояр орта мектебін бітірген, кейін еңбек жолын осы совхозда бастаған.

1985 жылы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша Орал мәдени – ағарту училищесін аяқтағаннан кейін Тайпак аудандық кітапханасында әдістеме бөлімінде әдіскер болып қызмет атқарған. Артынан сырттай Батыс Қазақстан мәдениет институтын тәмәмдаған. Кітапханалық қызмет атқарудағы жемісті еңбегін қазіргі уақытта облыстық Ж.Молдағалиев атындағы кітапханада жалғастыруда.



Жұмағалиева Сақынжамал 1929 жылы Казталовка ауданында дүниеге келген. Казталовкадан мектепті бітіріп, 1949 жылы Чапаев ауданына көшіп келіп, сол жылы аудандық білім бөліміне жұмысқа орналасты.

1958 жылы мәдени – ағарту бөліміндегі аудандық кітапхана, орталық балалар кітапханасында кітапханашы, бөлім жетекшісі болып көп жылдар қызмет атқарды.

Жұмағалиева Мағрипа 1939 жылы Харькин селосында дүниеге келген.

1960 жылы Харькин ауылында клуб меңгерушісі қызметін атқарған.

1964 – 1975 жылдары Краснояр ауыл кітапханасында кітапханашы қызметін атқарған. Сонымен қатар 1966 жылы сырттай Ақтөбе мәдени – ағарту колледжін «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітірген.

1976 – 1989 жылдары Колмыково ауылында қызмет атқарған. 1989 жылы еңбек демалысына шықты.


Иманғалиева Бигайша- 1969 жылы Қырықкұдық елді мекенінде дүниеге келген. Атырау мәдени –ағарту училищесін бітірген. Алғашқы еңбек жолын аудандық кітапханада кітапханашы болып бастады. Кейін ауылдық кітапханада жұмыс жасады.

Ихсанов Бораиш – 1937 жылы Батыс Қазақстан облысы, Тайпақ ауданы, Базартөбе ауылында дүниеге келген.

1944-1951 жылдары Базартөбе, 7 жылдық мектебінде, 1955-1966 жылдары Калмыков орта мектебінде орта білім алып, Орал қаракөл қой совхозы негізінен мал шаруашылығымен айналысып, әртүрлі жұмыс саласында жұмысшы болып еңбекке араласқан. 1963-1965 жылдары осы совхоздың № 4 бөлімшесінің орталығында құрылған «Қызыл отау» атты кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқарған жылдары мал шаруашылығының еңбеккерлері арасында жазғы жайлаулар мен қыс кезіндегі қыстақтағы оқырмандарға ат-көлікпен газет-журнал, кітаптар жеткізіп, жаңалықтың жаршысы, үгіт-насихат жұмыстарын қоғамдық негізде жүргізген бірден-бір малшы қауымының саяси жанашыры бола білген аға ұрпақтың бірі.

1966 жылы Орал қаракөл қой совхозының № 4 бөлімшесінің негізінде құрылған Базартөбе совхозының орталығы Базартөбе ауылындағы орталық кітапхана меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1967 жылы совхоздың дала шаруашылығының маман кадр қажеттілігіне байланысты партия, кәсіподақ комитеттерінің ұсынысы бойынша мал азығын дайындау бөлімінің есепші қызметіне ауыстырылған. Осы салада 1997 жылы зейнеткерлікке шыққанша саналы қызмет атқарған. Осы еңбек жылдарында аудандық мәдениет бөлімінен, совхоздың әкімшілігі, партия, кәсіподақ ұйымдарының мақтау грамота қағазымен ақшалай-заттай сыйлықтарымен бірнеше рет марапатталған. Кеңшардың құрметті азаматы Ихсанов Бораиш бүгінде зейнет демалысында.

Глиясов Аманғали 1939 жылы Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Жолап ауылында дүниеге келген.



1960 жылы Чапаев қазақ орта мектебін бітірген. Білімі арнаулы орта.

1961 жылдан 1970 жылға дейін Жолап ауылдық кітапханасында кітапханашы қызметін атқарған. 1967 жылы Ақтөбенің мәдени – ағарту училищесіне түсіп, 1970 жылы кітапханашы мамандығы бойынша бітірген.

1970 жылдан Мойылды ауыл кітапханасында қызмет атқарып, 1997 жылы зейнеткерлікке шыққан.



Илиясова Айнұр Ерболқызы 1975 жылы дүниеге келген. Ол 1994 жылы Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік өнер институтына түсіп, 1998 жылы осы аталған институтты «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша толық курсын бітіріп шықты. Қазіргі уақытта ол Тайпақ ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Кабиева Жібек 1956 дүниеге келген 1963-1973 жылдар аралығында он жылдық білім алды. 1989 жылы Самара қаласындағы мәдениет институтының «кітапхана ісі және библиография» бөлімін сырттай оқып бітірді. 1988- 1992 жылдар аралығында аудандық кітапхананың библиограф қызметін атқарды. Кәзіргі уақытта Тасқала ауданында кітапхана саласында еңбек етуде.



Казиева Светлана Масанқызы 1961 жылы дүниеге келген. 1978 жылы мектепті тәмәмдап, осы жылы желтоқсан айында Жанама ауылдық клубына клуб меңгерушісі болып жұмысқа қабылданды. 1980 жылы Ақтөбе қаласындағы мәдени – ағарту училищесіне «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша оқуға түсті. 1982 жылы Сарман ауылдық клубына клуб меңгерушісі болып жұмысқа тұрды.

1996 жылы қайта құру уақытында клуб жабылып, жекеге берілді.

2000 жылдың қазан айынан бері Сарман ауылдық кітапханасында кітапханашы болып жұмыс жасайды.

Кенбаева Жұмағыз Ильясқызы- 10 тамыз 1954 жылы Тайпақ ауданы Ақтөбе ауыл советінде дүниеге келген. Білімі- арнаулы орта. Ақтөбе мәдени-ағарту училищесін кітапхана ісі мамандығы бойынша бітірген. 1973-1975 жылдары Қадырқұл ауылдық кітапханасында кітапханашы болып өзінің алғашқы еңбек жолын бастаған. 1976-1998 жылдары аудандық кітапханада бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған.



Конирова Фарида 1938 жылы Шыңғырлау ауданында дүниеге келген.

1970 жылдардың аяғынан аудандық кітапханада әдебиеттермен толықтыру бөлімінде кітапханашы қызметін атқарды.

1993 жылы кітапханадан зейнеткерлікке шықты.

2007 жылы дүниеден озды.



Кубегенова Жұнар Дәулеткерейқызы 19.09.1960 жылы Чапай ауылында дүниеге келген. 1970 жылы мектепке барып, 1977 жылы №1 орыс мектебін бітірді. Білімі жоғары. 1977-1978 ж. I жылдық бухгалтерлік курсы бітірді, мамандығы «оператор вычислительных клавишных машин» 1980-1983 ж. (сырттай) АҚПУ мамандығы «кинофотодело» 1989-1993 ж (сырттай) АҚПУ мамандығы «кітапхана ісі». 2001-2004 ж. (сырттай) БҚМУ мамандығы кітапханатану және библиографиятану. 14.02.1978ж. оператор РИВС. 26.05.1978ж. мұражай қызметкері. 27.05.1980ж. Қызыл айдың кітапханашысы болып 14.01.1981. ОКЖ - ның әдістемешісі болып, 1.09.1981 ж. Жамбыл ауылының кітапхана меңгерушісі 1.09.1983ж. Мәдениет бөлімінің киномеханигі 03.05.1986ж. ОКЖ – ның кітап қорын толықтыру бөлімінің редакторы. 20.08.1990ж. Директордың орынбасары етіп тағайындалды. 02.02.1992ж. Аудандық кітапхананың өңдеу және толықтыру бөлімінің редакторы болып ауыстырылды, кейін осы бөлімнің меңгерушісі болып тағайындалып жұмыс істейді. 1974 жылдан БЛКЖО мүшесі, 1981 жылдан Мәдениет бөлімінің алғашқы комсомол ұйымының секретары, 1982 жылдан Халық сотының жанындағы халық заседателі, 1988 жылдан мәдениет бөлімінің кәсіподақ ұйымының төрайымы қызметін атқарды. «НұрОтан» ХДП мүшесі.



Какимова Ұлғаным Жантоллықызы 1952 жылы 3 желтоқсанда Орал обылысы, Чапаев ауданы, Фурманов ауылдық советінде дүниеге келген.

1960 жылы мектепке барып, 1970 жылы тәмамдады. 1972 жылы Ақтөбе мәдени – ағарту училищесінің кітапхана ісі бөліміне түсіп 1974 жылы бітіріп, Чапаев аудандық кітапханаға кітапханашы балып жұмысқа орналасты. 1984 жылы Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогика институтының кітапхана тану және библиография бөліміне түсіп 1989 жылы бітіріп шықты. 1980 – 2000 ж.ж. аралығында Батурин ауылдық кітапханасында істеп, 2000

жылдың наурыз айынан Ақжайық аудандық орталықтанған кітапхана жүйесінде балалар кітапханасының әдістемешісі болып істеп, 2007 жылдың ақпан айынан библиограф болып жұмыс атқарады. Аудандық кітапхананың мақтау қағаздарымен және кәсіп одақтың бағалы сыйлықтарымен марапатталды. Облыстық ОКЖ –ның өткізген зерделі кеңестеріне қатысып отырды.



1976 жылдың қазан айынан бастап Мерген ауыл кітапханасында **Қаратаева Зоя Асылбекқызы** қызмет атқарды.



Құспанғалиева Райса 1951 сәуірде Орал облысы Чапаев ауданы Бітік ауылында дүниеге келген. 1968 жылы Бітік орта мектебін бітіргеннен кейін Первомай мектеп-интернатында пионер жетекшісі, тәрбиеші болып жұмыс істейді.

1970-1972 жылдары Орал кооператив техникумында оқып, 1972 жылы плановик мамандығын алады. Еңбек жолын жолдамамен Пятимар жұмысшылар кооперациясында плановик – статист болып бастайды.

1974 жылдан 1988 жылға дейін Первомай жұмысшылар кооперациясында плановик, товаровед, дүкенші болып қызметтер атқарады.

1988 жылдың қаңтарынан 1992 жылдың қыркүйегіне дейін Первомай селолық кеңесінде хатшы болды. Бірнеше мәрте ауылдық, аудандық кеңестерге депутат болып сайланды.

1992 жылдың қыркүйекте қайтадан сауда саласына келіп, қойма меңгерушісі болды.

1994 жылы жұмысшылар кооперациясының таралуына байланысты жұмыстан қысқартылады.

1998 жылдың тамыз айынан бастап, күні бүгінге дейін ауыл кітапханасында кітапханашы болып қызмет атқарып жүр.



Қайырғалиева Күляш Өресқызы 1957 жылы Чапаев ауданы, Первомай совхозының Болдырев бөлімшесінде дүниеге келді. 1975 жылы Чапаев қазақ орта мектебін бітірді. Еңбек жолын өз мектебінде бастады. Аға пионер – вожатый болып жұмыс істеді, 1977 жылы Орал (Пушкин атындағы) педагогикалық институтқа сырттай оқуға түседі. Пионер – вожатый болып жұмыс істеп жүріп, 9 сынып оқушыларын үш жыл қатарынан 1977 – 79 жж. Батурин совхозына өндірістік тәжірибеге жұмысқа алып барып, қоғамдық

жұмыстардан да қалыс қалған жоқ. 1974 жылы партияға кандидат болып ұсынылып 1980 жылы партия қатарына өтті. Ауданның 1-ші хатшысы (Райком партия) Алтаев Нажімеден Қаршығаұлының қол сағатымен мақтау грамоталарымен марапатталды.


1979 жылы Жамбыл орта мектебінде мұғалім болып, 1988 жылы Жамбыл бала – бақшасында меңгеруші болып, 1997 жылдан Жамбыл ауылдық кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істеп келеді. Ол 2007 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетке түсіп, қазіргі уақытта «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша сырттай білім алуда. 2005 жылдан бастап Жамбыл ауылдық кітапханасының меңгерушісі.



Қаменова Ажар 1947 жылы туылған. Қарауылтөбе кітапханасында 1977 жылдан 1984 жылға дейін кітапханашы болып жасады. 1994 жылы зейнеткерлікке шықты.



Кұбашев Мереке Талгатұлы 1985 жылы дүниеге келген. Ол 2002 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің «Кітапханатану және библиография» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2007 жылы тәмәмдады. 2006 жылдың наурыз айынан бастап осы күнге дейін Алмалы ауыл кітапханасының меңгерушісі болып қызмет атқаруда.



Кұспанова Наргүл Тлекесқызы 1973 жылы наурыздың 16 күні Орал облысы Тайпак ауданы Базартөбе ауылында дүниеге келген.

1980-1990 жылдары Базартөбе орта мектебінің 10 жылдық білімін алып шыққан. 1991-1992 жылы Орал облысының Тасқала ауданының орталығынан 10 айлық курста оқып «Бастауыш мектеп мұғалімі» мамандығын алған. 1995-1997 жылдары Зеленов ауданының РТС ауылында бастауыш кластың мұғалімі болып жасаған. 2003-2006 жылдары Орал қаласының Ж.Досмухамедов атындағы педогогикалық колледждің бастауыш мұғалімі бөлімін бітіріп шықты. Қазіргі кезде Құрманғазы атындағы колледждің

кітапханашылық мамандығын ала жүріп, 2007 жылы маусым айынан бастап Базартөбе ауылдық кітапханасының меңгерушілік қызметін атқаруда.



Құлетова Асима Жанұзаққызы 1971 жылы 23 – қаңтарда дүниеге келген. 1988 жылы Ақжайық ауданы Алғабас ауылындағы орта мектепті тәмәмдап, сол жылы Орал қаласындағы Мәдени – ағарту училищесінің кітапхана бөліміне оқуға түсті. 1990 жылы оқуды бітіріп, қазан айында Барановка ауылдық кітапханасына жұмысқа орналасты. 1991 жылы ақпан айында Бударин ауылдық кітапханасына кітапхана меңгерушісі қызметіне ауысты. 2003-2005 жылдар аралығында Орал қаласындағы БҚ Дәулеткерей атындағы университетің «кітапхана ісі библиография» мамандығы бойынша жоғарғы білім алды.



Қуанғалиев Қадырәлі 1955 жылы Чапаев ауданы, Алғабас совхозының Бесоба ауылында дүниеге келген. 1962 – 1971 жылдары Киров орта мектебінде оқыды. 1972 жылы Первомай СПТУ – 14 училищесінде оқып, тракторист мамандығын алды.

1972 жылдан бастап 1992 жылға дейін Алғабас совхозының Бесоба ауылында механизатор болып жұмыс істеді.

1992 жылдан Бесоба ауыл кітапханасында кітапханашы қызметін атқарды. 2002 жылдан бастап еңбек демалысында.



Қайырғалиева Алуа Темірболатқызы 1964 жылы дүниеге келген. Ол 1981 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1983 жылы осы аталған училищені «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Қазіргі уақытта ол Тайпақ ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Қанатбаева Нұргүл Қайыржанқызы 1965 жылы дүниеге келген. Ол 1982 жылы Гурьев мәдени – ағарту училищесіне түсіп, аталған училищенің толық курсың «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 1984 жылы бітіріп шықты. Қазіргі уақытта ол Тайпақ ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Қуанова Гүлжиян Айекенқызы 1954 жылы дүниеге келген. 1970 жылы ол Орал мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, осы аталған училищені «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 1972 жылы бітірді. 1974 жылдан

бастап ол Қосшығыр ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Қоспаева Айнұр Батиханқызы 1980 жылы дүниеге келген, 1986 жылы Кожехар орта мектебіне оқуға келіп, 1997 жылы бітірді. Сол жылы Орал қаласындағы Қаржы – экономикалық колледжіне оқуға түсіп, 1999 жылы бітіріп, «Бухгалтер – экономист» мамандығын игерді. 2000 – 2004 жылдар аралығында Жаңабұлақ кітапханасының кітапханашысы міндетін атқарды.



1991 жылдың 15 қаңтарынан бастап кітапхана ауыл кітапханаларына әдістемелік көмек көрсету орталығы болуына байланысты екінші кітапханашы **Қажығалиев Нұртай Сақтайұлы** жұмыс істеді, білімі арнаулы орта.

Қажығалиев Нұртай Сақтайұлы 1970 жылы 10 қыркүйекте Чапаев /Ақжайық/ ауданы Мерген ауылында дүниеге келген. 1988 жылы Мерген ауылындағы орта мектепті бітіргеннен кейін әскери борышын 1988-1990 жылы атқарды. 1990-1998 жылдары аралығында Мерген ауылдық кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істеді. Ақтөбе қаласындағы мәдени – ағарту училищесін бітірген, кітапхана ісі мамандығы бойынша.

2001 жылдан қазіргі мезгілге дейін Мерген орта жалпы білім беретін мектебінде ұстаздық қызмет атқарады. Бейнелеу және сызу өнері пәнінен сабақ береді.

2007 жылы Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген, мамандығы бейнелеу және сызу өнері . Білімі жоғары. Нұртай Сақтайұлы аудандық «Дарын дала» ,«Үздік қосымша білім беру педагогы » байқауының жеңімпазы.

Аудандық «Тұғыры биік – Қазақстан» атты көрмеден живопись І орын, графика бойынша ІІ орын жүлдегері атанды.

Облыстық қосымша білім беру педагогикалық байқауында жүлделі екінші орынды иеленді.

Қайрекеева Жамал Атамекен ауыл кітапханасында 1963 – 1965 жылдары қызмет істеген.



Қуанғалиева Мәрия 1959 – 1963 жылдар аралығында Өтібек ауыл кітапханасында қызмет атқарған.



Қонысов Амантай Медетұлы 1967 жылы Ақжол ауылында Тінәлі дүниеге келген. 1974 жылы Горячкин ауылында мектеп табалдырығын аттап, 1981 жылы сегіз жылдық орталау мектепті бітірген.

1981 – 1984 жылдар аралығында Чапаев ауылындағы кәсіптік – техникалық мектепте механизаторлық және жүргізушілік мамандығын бітірген.

1986 – 1987 жылдары Әскери борышын өтеген.

1988 – 1989 жылдар аралығында Горячкин ауылында механизатор болып қызмет істеген.

1990 жылдан бастап Мәдениет үйінің бөлім жетекшісі болып істей жүріп, 2000 – 2001 жылы Горячкин ауылдық кітапханасында жұмыс істеген.



Құсаинова Баршагүл Тілекқызы 1984 жылы Тайпақ ауданы Жантемір ауылында дүниеге келген.

2001 жылы Тайпақ ауылының Краснояр орта мектебін бітірді.

2002 – 2004 жылдары Жантемір ауылдық кітапханасында кітапханашы қызметін атқарды.

2006 жылы Орал қаласындағы Құрманғазы атындағы саз колледжіне «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 2008 жылы тәмәмдады. Сол жылы Ақжайық аудандық ОКЖ – не кітапханашы – библиограф болып жұмысқа алынды.



Лаптева. Т.Г. 1940 жылы дүниеге келген. 1969 жылдардан аудандық кітапханада кітапханашы, бөлім меңгерушісі болып көп жылдар қызмет атқарды.

Мазимова Раушан. 1974 дүниеге келген . Білімі жоғары. Дәулеткерей атындағы мәдениет институтын бітірген.

Алғашқы еңбек жолын орталық кітапханада бастап, 1996 - 2002 жылдар арасында еңбек етті. Оқырмандардың рухани дамуы үшін өз үлесін қосты. Көркем сөз оқудың шебері. Қазір Базартөбе орта мектебінде кітапханашы болып еңбек етеді.

Маймурина Гүлсім. 1959 жылы Гурьев облысында туған. 1977-1979 жылдары Гурьев мәдени- ағарту училищесінде оқыған. 1979 жылдан бастап Тайпақ аудандық кітапханада кітапханашы болып жұмыс жасады. 1995 жылдан денсаулығына байланысты жұмыстан қол үзді.



Метрясова.Л.А. 1942 жылы дүниеге келген. 1969 жылдары аудандық кітапхана, орталық балалар кітапханасында кітапханашы, әдістемеші қызметтерін атқарған.



Мұхитова Райса Қабетқызы 1945 жылы Орынбор облысының Первомай ауданына қарасты Мало – Зайкин селолық Советінде дүниеге келген. Білімі жоғары, педагог. Алматы жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолы – бастауыш, негізгі, орта мектептің директорының орынбасары, Ақжайық ауаткомы төрағасының орынбасары, аупартком хатшысы, Чапаев аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары, мәдениет бөлімінің меңгерушісі. 2005 жылдан бері Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің абонемент бөлімінің меңгерушісі.



Малдыбаева Қайырлы Елемесқызы 1953 жылы 8 наурызда туған. 1970 жылы Ақтөбе мәдени – ағарту училищесіне «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1973 жылы оқуды бітірді. Сол жылдан 1985 жылға дейін балалар кітапханасында жасаған. 1997 жылдан 2000 жылға дейін қысқартылып, қайтіп 2000 жылдан бастап Қарауылтөбе кітапханасының меңгерушісі болып істеп келеді.



Мұсағалиева Қарылғаш Әдиетқызы 1967 жылы дүниеге келген. Ол 1985 жылы Қазақ ССР жоғарғы және арнаулы орта білім беру Министрлігіне қарайтын Орал мәдени – ағарту училищесіне кіріп, осы аталған училищенің толық курсы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 1987 жылы бітіріп шықты. Қазіргі уақытта Самал ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Мұсағалиева Күланда Қисыметқызы 1963 жылы Чапаев ауданы Бударин ауылдық Советіне қарасты Барановка ауылында дүниеге келген. 1970 жылы Барановка ауылындағы бастауыш мектептен бастап, 1980 жылы Бударин орта мектебін бітірді. 1980 – 1985 жылдар аралығында Барановка ауылындағы кітапханада кітапханашы қызметін атқарды. Қазіргі уақытта Орал қаласының тұрғыны, жеке кәсіпкер.



Myrzagalieva Sveta 1971 жылы Чапаев ауылында дүниеге келген.


1978 – 1988 жылдары № 1 орта мектепте білім алды.

1988 жылы оқырман залында қызмет атқарды. 1988 жылдан кейін аудандық кітапхананың әр саласында кітапханашы, библиограф қызметтерін атқарды.



Meңдібаева Үміт Құрымбайқызы 1974 жылы дүниеге келген. Ол 1993 жылы Ақтөбе мәдениет училищесіне түсіп, Қазақстан республикасының мәдениет министрлігінің аталған училищесінің толық курсы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 1995 жылы бітіріп шықты.

2004 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне түсіп, 2007 жылы аталған университетті сырттай «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Қазіргі уақытта ол Жаманқұдық ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Muberekova Sая 1975 жылы дүниеге келген. 1991 жылы мектепті бітірген. 2001 жылдан бастап Қабыл ауылында кітапханашы қызметін атқаруда.



Mustafaeva Татьяна Сұлтанқызы 1947 жылы Атырау облысы Кулагин ауылында дүниеге келген. 1961 жылы Ілбішіннен 10 жылдық мектепті бітіріп. 1965-1968 жылдары Орал қаласының сауда-саттық кооперативтік техникумның бухгалтерлік бөлімін бітіріп, өз жұмысын Ілбішінде жалғастырды. 1973-1981 ж.ж. Батурин совхозында кітапханашы болып қызмет атқарды. 1981 жылы Бударин совхозына қоныс аударып, 1982 жылы мектепте лаборант қызметін істеді. 2005 жылы зейнеткерлікке шықты.



Muxambetova Aқбөпе Мұхамбетқызы 1967 жылы Чапаев ауданында дүниеге келген.

Қожақар ауылдың кеңесіне қарасты Локтев күтірінде дүниеге келген.

1975 жылы Чапаев орта мектебінің 1 сыныбына барып, орта мектепті 1985 жылы бітірді. 1985 жылы Орал қаласындағы мәдени – ағарту училищесінің «кітапхана ісі» бөліміне түсіп, 1987 жылы бітіреді. 1987 жылдың шілде айынан бастап «Первомайский» совхозының орталық

кітапханасында қызмет атқарады. Осы салада еңбек ете жүріп, сырттай Орал педагогикалық институтының қазақ тілі және әдебиеті мамандығы бойынша оқуды бітіреді. 1995 жылдың қыркүйек айында Бітік орта мектебіне қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болып орналасады. Содан бері сол орта мектепте мұғалім.

Мысабаева Тыныштық Ахметқызы 1960 жылы Индер ауданы, Елтай селосында дүниеге келген. Елтайдан мектеп бітіріп, Гурьев қаласындағы мәдени –ағарту училищесінен кітапханашы мамандығы бойынша оқып шықты.

1978 – 1986 жылдары Индер аудандық кітапханасында жұмыс жасады.

2000 – 2002 жылдары Жантемір кітапханасында жұмыс жасаған.

Мырзашева Аққойқын 1966 жылы Базартөбе ауылында дүниеге келген. Базартөбе орта мектебінде орта білім алған. 1983 – 1987 жылдары Шымкент педагогикалық мәдениет институтын «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітірген.

1987 – 1988 жылдары Тайпақ аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінде кітапханашы, 1988 – 1990 жылдары Котельный ауылдық кітапханасында кітапханашылық қызметін атқарды. Қазіргі уақытта өз саласы бойынша Орал қаласында қызмет атқаруда.



Молдағалиева Соня Ниязқызы 22 мамыр 1940 жылы Тайпақ ауылы Базартөбе ауылында дүниеге келді. 1947 жылы Тайпақ ауданының Краснояр сегіз жылдық мектебін бітіргеннен кейін Кальмыков орта мектебінде оқыған.

1958 – 1961 жылдары Ақтөбедегі мәдени-ағарту училищесінің кітапхана бөлімінде оқыды. 1961-1973 жылдары Тайпақ аудандық балалар кітапханасында кітапханашы, 1973-1975 жылдары Краснояр сегіз жылдық мектебінде қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Оралдағы А.С Пушкин атындағы институттың сырттай филология факултетін бітірген. 1975 – 1995 жылдары аудандық кітапхананың орынбасары және аға библиографы болып қызмет атқарған. Бірнеше рет облыстық мәдениет басқармасының, аудандық мәдениет бөлімінің мақтау грамотасымен марапатталды.



Назиева Сауле 1950 жылы 28 ақпанда дүниеге келген. Білімі арнаулы орта, мамандығы кітапханашы. Жұбан Молдағалиев атындағы кітапханадан 1970 жылы жылдық курсты бастап 1971 жылы бітірді. 1971-1975ж. Тайпақ аудандық кітапханада кітапханашы болып, 1975-1985ж. Байсықов орта мектебінде, 1985-1988ж. Сайқұдық орта мектебінде кітапханашы болып қызмет жасады. 1990-1997ж. Тайпақ аудандық балалар кітапханасында меңгеруші болып істеді. 1997-1999ж. М. Әуезов атындағы орта мектебінде кітапханашы болып жұмыс істеп, 1999 жылы Ақжайық аудандық орталықтанған кітапхана жүйесіне ауысып «Бірыңғай кітап қорын пайдалану» бөлімінде кітапханашы болып істеп келеді. «НұрОтан» ХДП мүшесі.

Наурызова Ляззат 1969 жылы туған. 1991 – 1994 жылдарда Болдырев ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Наурызова Света 1961 жылы туған. 1983 – 1991 жылдарда Болдырев ауыл кітапханасының кітапханашысы.

Нұрсанина Алмагүл. 1966 жылы Сайқұдық ауылында дүниеге келген. Білімі арнаулы орта. Орал мәдени ағарту училищесін бітірген. 1991-1996 жылдар аралығында ауылдық, орталық кітапханада жұмыс жасады. Өз жұмысына ұқыптылықпен қарайтын. Қазіргі уақытта облыстық ғылыми- әмбебап кітапханасында өз жұмысын жалғастыруда.



Нұрманов Құспан Нұрманұлы 1933 жылы Ленин совхозында дүниеге келген. 1950 жылы Ақжайық ауданында он жылдық білім алған. 1951 жылы сырттай оқуға түсіп, Барановка ауылына бір жылдан кейін жұмысқа орналасқан. 1952 – 1955 жылдары Бударин ауылында биология, химия пәндерінің мұғалімі болған. 1960 – 1965 жылдары Бударин ауылдық кітапханасына кітапханашы қызметін атқарған. 1965 – 1993 жылдары орман шаруашылығына қызметке ауысқан. 1993 жылы зейнеткерлікке шықты. 1999 жылы дүниеден озды.



Нұрмұханова Райхан Жұбанқызы 1948 жылы Ақжайық ауданы Алғабас ауылында дүниеге келген.

1965 – 1968 жылдары Алғабас ауылдық емханасында медбике қызметін атқарды.

1968 жылы Батурин совхозына қоныс аударып, 1969 – 1974 жылдары осы ауылда клуб жетекшісі болды. Кейін Орал қаласындағы кітапханашылардың бір айлық курсына тәмамдап, 1981 – 1988 жылдары Ақбұлақ ауылдық кітапханасында кітапханашы қызметін атқарды. Бірнеше мақтау қағаздарымен марапатталған.

Омарова Светлана – 1960 жылы туған Калмыково селосында дүниеге келген. Калмыков орта мектебін бітіргеннен кейін Ақтөбе мәдени-ағарту училищесінде оқыды. 1979-1990 жылдар аралығында кітапханада кітапханашы болып жұмыс жасады.



Омарғалиев Сейгуат 1921 жылы дүниеге келген. 1942 жылы Ұлы Отан Соғысына алынады. Батыс Сібір майданында болған. Соғыста Старая Русса қаласын және соған қарасты деревняларды жаудан азат етуге қатысады.

Соғысқа дейін жиһаз фабрикасында жұмыс істеген. Соғыстан кейін фермада есепші, оқу үйлерінің меңгерушісі болып еңбек етті.

1954 жылдан 1992 жылға дейін – Ілбішін ауылдық кеңесінде Ілбішін кітапхана үйінің меңгерушісі. Арнайы орта білімі бар. Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағы бар. Зайыбы Орын екеуі 9 бала тәрбиелеп, оқытып өсірді. 14 немересі мен шөбересі бар. Қазақтың ән – күйлерін сүйіп тыңдайды.



Өтешқалиева Мадина Қайыршынқызы 1952 жылы 1 қаңтарда қазіргі Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Коловертное ауылында дүниеге келген. 1978 жылы Бударин кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істеп жүріп, 1983-85 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы мәдениет ағарту кәсіптік мектебін бітірген. 1991 жылы отбасы жағдайына байланысты Чапаев ауылына көшіп келіп, аудандық кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істеп келеді. Осы салада 30 жыл бойы еңбек етуде..



Өтебаева Гүлжамал 1946 жылы Чапаев ауданында дүниеге келген.

1954 – 1965 жылдары Қазақ мектебінде оқыған.

1966 – 1967 жылдары Н.К.Крупская атындағы облыстық кітапханада 1 жылдық кітапханашы курсы бітірген.

1967 – 1968 жылдары Болдырев ауыл кітапханасында еңбек жолын бастаған.

1968 – 1970 жылдары Алғабас ауыл кітапханасында қызмет істеп жүріп, Ақтөбе мәдени – ағарту училищесінде «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша сырттай білім алған.

1970 – 1976 жылдары Аудандық кітапханада әдіскер, кітапханашы қызметтерін атқарған.

1978 – 2000 жылдары Бұлан ауыл кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істеген.

2000 – 2004 жылдары аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіндегі әдебиеттермен толықтыру бөлімінде қызмет істеді.

2004 жылдан зейнеткерлік демалыста.



1973 жылдан бастап Мерген ауыл кітапханасында

Портнова Любовь /Бородкина/ қызмет істеді. Сол жылдарда кітапхана жаңадан салынған кітапхана үйіне көшті.

Бородкина /Партнова/ Любовь Николаевна 1957 жылы 12 шілдеде Чапаев /Ақжайық/ ауданы, Мерген ауылында дүниеге келген. Мерген орта мектебіне 1963 жылы түсіп, оны 1974 жылы бітірген. Білімі орта.

1974-1976 жылдар аралығында Мерген ауылындағы кітапханада кітапханашы болып қызмет атқарды. 1976 жылдың қазан айынан 1988 жылдар аралығында Куйбышев атындағы қой совхозында референт болып жұмыс істеді. 1989 жылдан 1996 жылға дейін статистика қызметін атқарды. Куйбышев атындағы қой совхозы тарағаннан кейін жұмыссыз. Қазіргі уақытта үй шаруасындағы жұмыспен айналысады.



Рахметова Лидә Қыдырбайқызы 1966 жылы дүниеге келген. Ол 1984 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1986 жылы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша толық курсы бітірді. 1986 жылы ол еңбек жолын Баянтөбе ауылында бастады. Қазіргі уақытта ол Баянтөбе ауыл кітапханасының кітапханашысы міндетін атқаруда.

Рустемова Күләш -1955 жылы туған. Білімі жоғары. Орал педагогикалық институтының орыс тілі мен әдебиеті

факультетін бітірген. 1980 жылдан 1996 жылға дейін балалар кітапханасының әдістемеші жұмысын атқарған.



Сабитова Гүлсім 1964 жылы Бударин ауылында дүниеге келген.

1971 жылы Бударин бастауыш мектебіне барып, 1981 жылы осы мектептен онжылдықты аяқтады.

1981 – 1983 жылдары Орал мәдени – ағарту училищесін «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша тәмәмдады.

1983 – 1988 жылдар аралығында аудандық кітапханада оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінде кітапханашы қызметін атқарды.



Садыкова Агила Сүйінқызы 1979 жылы 17 қаңтарда, Шыңғырлау ауданы Правда совхозында дүниеге келген. 1986 жылы сол ауылдың мектебіне барып, 1996 жылы Шыңғырлау ауданы, Л.Қылышев атындағы Шилі орта мектебін бітірген.

1996 жылы Мемлекеттік Дәулеткерей атындағы өнер институтына түсіп, 2000 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «Кітапхана тану және библиография мамандығы» бойынша толық курсы бітіріп шықты. 2003 жылы 15 қазанда Чапаев ауылындағы балалар кітапханасына кітапханашы болып еңбек жолын бастады. 2006 жылдан бастап қазіргі күнге дейін әдістеме бөлімінде, әдістемеші болып жұмыс істеп келеді.

2004 жылы Жәнібек ауданына семинарға қатынасты.

2006 жылы А.Гайдар атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасында өткен семинарға қатысты.



Саранова Римма Аманзалиқызы 1964 жылы 1 желтоқсан күні Чапаев ауылында дүниеге келген.

1972 – 1982 жылы Чапаев №1 орыс орта мектебін бітірді.

1982 жылы Орал қаласындағы мәдени – ағарту училищесіне түсіп, «Кітапхана тану және библиография» бөлімін 1984 жылы тәмәмдады.

1984 жылдың тамыз айынан бастап Чапаев ауылындағы аудандық кітапханаға жұмысқа орналасты. 24 жылдан астам кітапхана саласында еңбек етуде.

Республикалық мәдениет қызметкерлерінің білімін жетілдіру курсының әдістемелік жұмыс бағытында 1986 жылдың 5 – 31 мамыр айында куәлік алды.

2000 жылы Ж.Молдағалиев атындағы ғылыми - әмбебап кітапханасының ұйымдастыруымен өткен «Мисс

библиотекарь» байқауына қатысып, жүлделі 2 – ші орынға ие болды.

2001 жылы кітапхана саласында жақсы қызмет істегені үшін облыстық мәдениет басқармасының директоры К.Омарғалиевтан «Алғыс хат» алды.

2007 жылы семинар кезінде белсенді қызмет атқарған үшін облыстық мәдениет басқармасының директоры Батырхановтан «Алғыс хат» алды.



Сагадиева Әлия Қажмұратқызы 1984 жылы дүниеге келген.

2003 жылы «Құрманғазы атындағы саз колледжіне» түсіп, Қаскелең мәдениет колледжін «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша 2005 жылы аяқтады. .

2005 жылдан бастап Жайық ауыл кітапханасында кітапханашы міндетін атқаруда.



Сагынғалиева Мәнишүк Жасталапқызы 1983 жылы Котельный совхозы, қазіргі Алмалы ауылында дүниеге келген. 1990 – 2000 жылдары Алмалы орта мектебінен білім алды. Ол 2000 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетке түсіп, осы аталған университетті 2005 жылы «Химия және биология пәні мұғалімі» мамандығы бойынша аяқтады. 2004 жылдан бастап Жантемір ауылдық кітапханасының кітапханашысы.



Сагиева Роза 1957 жылы дүниеге келген. Білімі арнайы орта. 1973 жылы Ақтөбе мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1975 жылы осы аталған училищені «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша аяқтады. 1977 жылдан бастап ол Сайқұдық ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Султанова Жеңісгүл – 1974 жылы 9 мамыр айынан бастап Тайпақ ауданы Есенсай ауылында дүниеге келген. 1981-1991 жыл аралығында Калмыков орта мектебін бітірген. Орал қаласындағы Құрманғазы атындағы саз колледжінің кітапхана ісі бөлімін 2007 жылы бітірген. Қазіргі уақытта кітапханашы болып жұмыс жасайды.



Сұлтанғалиев Таукен Тәшенұлы 1949 жылы 4 маусым Мерген селолық кеңесіндегі Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданында туған. 1956 жылы Мерген сегіз жылдық мектебінде оқыды. Оны 1964 жылы бітіргеннен кейін оқуын Чапаев қазақ орта мектебінде оқып, оны 1966 жылы бітірген.

Сол жылы Орал педагогикалық институтына түсіп, оны 1971 жылы мұғалімдік мамандығы бойынша білім алып шықты. Ең алғашқы қызметін Хамза Есенжанов атындағы орта мектепте 1976 жылға дейін істеді.

1976-78 жылдары Горячкин сегіз жылдық мектебінде, 1978 - 1979 жылдар аралығында Кожажар орта мектебінде мұғалімдік қызмет атқарды.

1979 жылдың 10 қыркүйегінен бастап Мерген ауылдық кітапханасында 29 жыл жұмыс істеді. 1981 жылдан бастап Мерген ауылдық кітапханасы «Үздік кітапхана». Мерген ауылдық кітапханасы аудан көлемінде «Озат тәжірибе» мектебінің орталығы. Кітапхана базасында аудандағы кітапхана қызметкерлері үшін «Кітапхана – ақпарат, білім, мәдениет ошағы» тақырыбында аудандық семинар өткізілді, аудандық «Кітапханадағы библиографиялық ресурстар: мәселесімен негізгі даму бағыттары кеңесінде», «Библиография және өлкетану» тақырыбында, «Кітапханашы және оқырман; қазіргі кезеңдегі қарым-қатынас негіздері» тақырыбындағы облыстық зерделі кеңесте өзінің іс-тәжірибесімен алмасты.

1989 жылы игілікті еңбегі өз нәтижесін беріп, КСРО-ның мәдениет саласының үздігі, 1990 жылы Мәдениет Министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 1998 жылы Алматыда өткен Қазақстан Республикасының кітапханашылар съезіне қатысты. 2001 жылы Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері» белгісімен, 2005 жылы Республикадағы «Үздік ауылдық кітапханашы» атағына ие болды.

Аудан бойынша 2005 жылдың қорытындысымен «Жылдың ең үздік кітапханашысы» атағын алды.

2006 жылы Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының директоры Г.Т.Жұмақаеваның «Алғыс хатымен»,


Ақжайық аудандық ОКЖ директоры Р.С.Мұсағалиеваның «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

2007 жылы Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының бастығы А.Т.Батырханов пен Ж.Молдағалиев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап

кітапханасының директоры Г.Т.Жұмақасеваның «Алғыс хатымен» марапатталды.



Саргелекова Гүлмира Садыққызы 1964 жылы дүниеге келген. Ол 1986 жылы Әл – Фараби атындағы Шымкент педагогика институтына түсіп, 1991 жылы осы аталған институттың «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша бітіріп шықты. Қазіргі уақытта ол Тайпақ ауыл кітапханасының кітапханашысының қызметін атқаруда.



Сейітова Салима Избасарқызы 1953 жылы қыркүйек айының 25 жұлдызында Астрахань облысы, Енетаев ауданы, Полынный ауылында дүниеге келген. Ата-анасының туған жері Орал облысы Тайпақ ауданы Ақтөбе ауыл советінің Базаршолан ауылына қоныс аударуына орай, 1962-1972 жылдары Тайпақ ауданы Ғ.Махамбетов атындағы Қызылжар орта мектебінде оқып, орта білім алған.

1972-1973 жылдары Орал қаласындағы № 122 техникалық училищесін бітіріп, тігінші – шебер мамандығын алып, сол жылы мамандығы бойынша еңбек жолын Тайпақ аудандық тұрмыстық қызмет көрсету комбинатында бастаған, Салима Избасарқызы өздігінен білімін көтерумен айналыса отырып, 1974 жылы облыстық кітапханашылар даярлайтын курсы бітіріп, 1974 жылдың сәуір айынан бастап, өз отбасы отағасының қызмет бабының ыңғайына қарай Сұлтан ауылдық кітапхана меңгерушісі, 1976-1978 жылдары Есім ауылдық кітапхана меңгерушісі, 1978-1983 жылдары Жаманқұдық ауылдық кітапхана меңгерушісі болып, шалғайда орналасқан ауылдық елді-мекендерде қызмет атқарған. Осы жылдары шалғайда орналасқан елді мекендердегі адамдар жанына рухани азық берер қызметіне қояр талаптарын жүзеге асыруда, кітапхана ісін ауыл шаруашылық малшы – шопандар қауымынан ыңғайына қарай ұйымдастыру мен дамыту қарқынының ұйтқысы болып, мәдениет саласының маманы ретінде мәдениетін көтеруге ат салысып қоғамдық жұмыстарда мамандарға көмек көрсетіп, болашақ ұрпақты тәрбиелеуде әрдайым парасатты қалпымен, адами қасиетімен ауыл – ел ынтымағын жарастырып, игі істердің ұйтқысы бола білген, еңбек етіп, өмір кешкен ортасының халқы қадір тұтқан мәдени қызметкердің бірі.

Сонымен қатар, Салима Избасарқызы 1985-2006 жылдары Ақжайық ауданы Базартөбе ауылдық орталық кітапхана

меңгерушісі болып қызмет атқарған кездерінде де халқымыздың мәдени мұрасын кейінгі ұрпаққа жеткізуде, тіліміз бен дінімізді, әдебиетіміз бен мәдениетімізді дамытуда өз білімімен тәжірибесін ортаға салып, ауыл ел болашағы жастар мен жанұя тәрбиесіне мән бере аянбай еңбек етті. Осы ұзақ жылғы жемісті еңбегін бағалап, Қазақстан Республикасы мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім Министрлігі, Батыс Қазақстан Облыстық мәдениет басқармасы мақтау грамоталары және дипломдарымен марапаттаса, Тайпақ, Ақжайық аудандық әкімдігімен аудандық мәдениет бөлімінің Аудан аралық «Үздік кітапханашы» белгісімен және бірнеше дүркін алғыс хатпен грамоталармен марапатталған. Заттай сый-сияпат құрметіне ие болған қызметкер.

Қазір 2006 жылдың қазан айынан зейнет демалысында. Қоғамдық, әйелдер кеңестің тұрақты мүшесі.



Ұлы Отан соғысынан кейін оқырман үйінде **Сутягин Константин Павлович** киномеханик қызметін істей жүріп, оқырман үйінің меңгерушісі болған.

Константин Павлович 1926 жылы 29 наурызда Мерген ауылында дүниеге келді. Білімі 7 кластық. Ұлы Отан соғысына 1943 жылы алынып, 1944 жылы аяғынан жараланып елге оралғаннан кейін Мерген ауылындағы клубтың меңгерушісі бола жүріп, клубтың жанындағы оқырман үйінде қызмет істеді.

1954 жылы Алматы қаласындағы кино техникумға оқуға түсіп, киномеханик мамандығы бойынша 1955 жылы бітіріп келгеннен кейін Мерген ауылында киномеханик болып қызмет етті.

1955-1980 жылы аралығында Мерген ауылында киномеханик болып істеп, 1980 жылы зейнеткерлікке шықты.

1976 жылдан Орал қаласында тұрады, 1983 жылдың 8 сәуірінде қайтыс болды.

1954 жылдан бастап Мерген клубы жанындағы оқырман үйінде **Сапаров Байзолла** қызмет істеді.

Сапаров Байзолла 1930 жылы Орда ауданы, Теректі ауылдық советінде дүниеге келген. Білімі 7 кластық.

1948 жылы Кеңес Армия қатарында болып, 1954 жылы Мерген ауылдық кеңесіндегі ауылдық клубында меңгеруші қызметін атқара жүріп, оқырман үйінде 1965 жылға дейін істеді. Егін және қос бастарына барып қызыл бұрыштар ұйымдастырып, социалистік жарыстардың үн қағаздарын



шығарып, егіншілерге, малшылар мен қойшыларға үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Сапаров Байзолла үгіт-насихат жұмысын жоғары дәрежеде жүргізгені үшін Бүкілодақтық профсоюздың «Құрмет грамотасымен» марапатталды, облыстық және аудандық грамоталардың иегері.

2004 жылы қайтыс болды.



1967 жылы Мерген ауылдық кітапханасы ашылып, Мерген ауылдық кеңесіне қарады. Алғашқы кітапханашы **Сердюкова Нина /Ларшина/** Семейдегі Абай атындағы кітапхана техникумын бітіріп жолдамамен Мерген ауылдық кітапханасында алғашқы жұмысын бастап істеді. Кітапхана ашылғанда кітап қоры 1200 данадан 2915 данаға дейінгі әдебиеттермен толықты. Ларшина Нина /Сердюкова/ 1946 жылы 15 маусым Шығыс Қазақстан облысы /Семей/ Ново Павловка ауылында дүниеге келген. 1964 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Семей қаласындағы Абай Құнанбаев атындағы мәдени ағарту училищесіне түсіп, оны 1967 жылы бітіріп кітапхана ісі мамандығын алып шықты. Батыс Қазақстан облысындағы Чапай /Ақжайық/ ауданындағы Мерген ауылдық кеңесіне қарайтын Мерген ауылдық кітапханасында кітапханашы болып қызмет істеді. 1974 жылдан 1990 жылға дейін Куйбышев атындағы қой совхозында жұмысшы болып қызмет атқарды.

1991 – 2005 жылдар аралығында Мерген орта жалпы білім беретін мектебінде экология кабинетінде лаборант болып қызмет етті, зейнеткерлікке шыққанға дейін. Қазіргі мезгілде зейнеткер, бір ұл, екі қыз тәрбиелеген ана.

Салиева Салтанат Маратқызы Ілбішін селосында дүниеге келген. 1975 жылы Ілбішін орта мектебіне барып 1981 жылға дейін оқиды. 1981 жылы отбасының көшуіне байланысты Чапаев орта мектебінде 6 сыныптан оқуын жалғастырды. 1981 жылы оқуын бітіріп, сол жылдың тамыз айында Орал мәдени – ағарту училищесіне «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша оқуға түсіп, осы аталған училищені 1987 жылы бітіріп шықты. Сол жылы аудандық балалар кітапханасына жұмысқа орналасып, 1989 жылы өз қалауы бойынша жұмыстан шыққан. Қазіргі уақытта ол Ақсай қаласында тұрады.

Сарбуниева Балзия Қамеңқызы 1961 жылы Ақжайық ауданы, Чапаев ауылында дүниеге келген. Чапаев қазақ орта мектебін бітірген. Білімі орта.

1978 жылы аудандық аудандық тұтынушылар одағы жанындағы бір жылдық кооперативтік сауда курсы бітірген.

1979 жылдан бастап аудан орталығында сауда саласында қызмет атқарды.

1992 – 1996 жылдар аралығында Горячкин орталау мектебі жанындағы балабақшада тәрбиеші болып қызмет атқарған.

1996 – 2001 жыл аралығында жеке кәсіпкерлікпен айналысты.

2001 – 2008 жыл аралығында Горячкин ауыл кітапханасында кітапханашы қызметін атқарды.

Сариева Назым Қажығалиқызы 1959 жылдан Есенсай ауыл кітапханасында қызмет атқарған. Кітапхана жұмысын атқара жүріп, ол 1965 жылы Ақтөбе мәдени – ағарту училищесін бітіріп, арнаулы орта білімі бар жас маман болды.



Сейтжанова Майра Нұрболатқызы 1982 жылы Чапаев ауданында дүниеге келген.

1989 – 1999 жылдары Чапаев қазақ орта мектебінде оқыған.

2002 – 2004 жылдары МКҚК «Құрманғазы атындағы саз колледжін» «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітірді.

2001 – 2005 жылдары Ақжайық аудандық ОКЖ – да әдістемелік бөлімінде әдіскер міндетін атқарған.

Сонымен қатар 2004 – 2007 жылдары М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша сырттай оқып бітірген.

2005 жылдан осы уақытқа дейін аудандық зейнетақы төлеу орталығында маман қызметін атқаруда.

Саркенова Қайша 1974 жылы Атырау облысы, Индер ауданы, Горы селосында дүниеге келді. 1965 жылы Елтай орта мектебін бітірген. 1965 -1969 жылдары мектеп бітіргеннен кейін Алматыдағы Қазақтың мемлекеттік Қыздар педогоикалық институтына түсіп, институттың кітапханатану, кітапсипаттау мамандығы бойынша бітіріп шықты, мемлекеттік емтихан комиссисының қарары « жоғарғы білімді кітапханашы – кітапсипаттаушы » деген квалификация берілді. Еңбек жолымды Есенсай орта мектебінің жанындағы мектеп кітапханасынан бастаған.

1970 – 1973 жылдары Есенсай орта мектебінде кітапханашы,

1973 – 1979 жылдары Кітапханада кітапханашы, методист.

1979 – 1981 жылдары Краснояр село кітапханасында кітапханашы,

1981 – 1988 жылдары Сайқұдық село кітапханасында кітапханашы,
1988 – 2001 жылдары Тайпақ ауылдық кітапханасында кітапханашы,
2005 жылы зейнеткер.

« Социалистік жарыстың жеңімпазы » атанып, « Үздік кітапхана » белгісін тұрақты жеңіп алып, көптеген мақтау грамоталарымен марапатталды.



Тұрайсова Гүлсім Құттығалиқызы 1964 жылы дүниеге келген. Ол 1985 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1987 жылы осы аталған училищені «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша толық курсы бітіріп шықты. Қазіргі уақытта ол Сарытоғай ауыл кітапханасының меңгерушісі.



Тажғалиева Азираш Махсұтқызы 1974 жылы дүниеге келген. 2003 жылы «Құрманғазы атындағы саз колледжіне» түсіп, 2005 жылы Қаскелең мәдениет колледжін «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша толық курсы бітіріп шықты. Томпақ ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Төрешова Әлия Айтқалиқызы 1964 жылы дүниеге келген. Ол 1982 жылы Ақтөбе мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1984 жылы осы аталған училищені «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2004 жылдан бастап Тоған ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Тлекеева Светлана Қалелқызы - 1958 жылы дүниеге келген. Ол 1979 жылы Әл –Фараби атындағы Шымкент мәдени – педагогикалық институтын бітіргеннен кейін, институт берген жолдамамен Орал қаласындағы «Омега» заводының кәсіподақ кітапханасында еңбек жолы басталды. Тайпақ аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қызметке ауыстырылған күннен бүгінге дейін осы кітапханада еңбек етуде.

1988жылы Алматы қаласында өткен мәдениет қызметкерлері съезінің делегаты. Москвадағы мәдениет қызметкерлерінің білім жетілдіру институтының қатысуымен «Кітапханашылардың жаңа шаруашылықпен жұмыс істеуі» - тақырыбында өткен курстың тыңдаушысы.

Өзінің өмірін кітапхана ісіне арнап, еңбегімен ел құрметіне бөліп жүрген жандардың бірі. Мәдениетті қолдау жылына орай Президенттің «Алғыс хатымен», облыстық кітапхананың , аудан, ауыл әкімиятының «Алғыс хаттарымен», Мақтау Грамоталарымен марапатталған. Ауыл кітапханаларының жұмысын жетілдіру мақсатында «Кітапхана қорын қалыптастыру және пайдалану жұмысы арқылы қордың сақталуын қамтамасыз ету» - тақырыбында аудандық семинар-кеңес өткізді.



Тажғалиева Сагира Мақсотқызы 1971 жылы дүниеге келген. Ол 1994 жылы Дәулеткерей атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік өнер институтына түсіп, осы аталған институтты «Кітапхана тану және библиография» мамандығы бойынша толық курсың бітіріп шықты. Қазіргі уақытта ол Тайпақ ауыл кітапханасының библиографы қызметін атқаруда.



Тогызбаева Ләйлә Қошқалиқызы 1968 жылы Ақжайық ауданы Алғабас ауылында дүниеге келген. 1985 жылы орта мектепті бітіріп, 1985 – 1987 жылдары Орал қаласының мәдени – ағарту училищесінің кітапхана ісі мамандығын бітірген. 1988 жылдан бастап Каленный ауылдық кітапханасында мамандығы бойынша жұмыс жасауда.

Тасмағамбетова Бақыт 1966 – 1967 жылдары Атамекен ауыл кітапханасында қызмет атқарған.



Тұйғымбетова Балымзия 1956 жылы дүниеге келген. 1980 – 1991 жылдары аудандық ОКЖ – да балалар кітапханасының кітапханашысы міндетін атқарған. 1991 жылдан қазіргі уақытқа дейін Ж.Молдағалиев атындағы облыстық кітапхананың әдебиеттермен толықтыру бөлімінде қызмет атқаруда.



Усахова Сұлушаш Кеңесқызы 1960 жылы дүниеге келген. Білімі арнайы орта. Ол 1976 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне түсіп, 1978 жылы аталған училищені «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітірді. 1980 жылдан бастап ол Жолап ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Утуғалиева Гүлбаршын Аманкелдіқызы 1976 жылы дүниеге келген. Ол 1992 жылы Орал мәдени – ағарту училищесіне оқуға түсіп, 1994 жылы «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1995 жылдан бастап ол Ақбұлақ ауыл кітапханасының кітапханашысы.



Утешова Алма Гумаровна 1970 жылдардан аудандық кітапханада кітапханашы, әдістемеші, бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1975 жылы Ақтөбе қаласында өткен мәдениет қызметкерлерінің республикалық аймақтық конференциясына қатысты.



Усахова Асылғаным 1961 жылы Мерген ауылына қарасты Горячкино селосында дүниеге келген. 1978 жылы Мерген орта мектебін бітіріп, сол жылдан 1987 жылға дейін Жолап ауылында кітапханашы болып қызмет атқарды. 1982 жылы сырттай Ақтөбенің мәдени – ағарту училищесіне түсіп, 1985 жылы бітіріп шықты. 1987 – 1995 жылдары Чапаев аудандық кітапханасына кітапханашы болып жұмысқа орналасты.

Хабиева Тойган Қабикқызы 1945 жылы Бударин ауыл округі, Елизарово қонысында дүниеге келген. 1962 жылдың тамыз айынан Барановка кітапханасына жұмысқа кірген. 1968 жылы кітапхананы Котельныйға көшірген. Сол себептен семья жағдайымен жұмыстан қалған. 1964 – 1966 жылдары Ақтөбе мәдени – ағарту училищесінде сырттай оқыған. Қазіргі уақытта зейнеткер.



Хадесова Динара Кеңесқызы 1984 жылы 7 сәуірде Кожехар елді мекенінде дүниеге келген. 1990 жылы мектеп табалдырығын аттап, 2001 жылы мектепті бітірді. 2001 жылы М. Өтемісұлы атындағы Мемлекеттік Университетін 2006 жылы бітірді. Білімі жоғары, мамандығы кітапханашы – библиограф. 2002-2006 жылдары Жаңабұлақ ауылдық кітапханасында кітапханашы. 2006 жылдың қазан айынан бастап Орталық балалар кітапханасының оқырман залының

кітапханашысы. 2004 жылы қыркүйек айында аудандық кітапханашылар семинарында өткен «Үздік кітапханашы» сайысына қатысып «Үздік кітапханашы – 2004» номинациясын жеңіп алды. Ш. Бөкейдің 160 жылдығына орай «Еркіндік аңсаған ақын» атты әдістемелік құрал құрастыруға (2007 жыл) атсалысты.



Хасанова Меңдібіке Жантөреқызы 1958 жылы дүниеге келді. 1965 жылы М.Әуезов атындағы мектепке 1 сыныпқа барып, 1975 жылы бітірді. 1976 – 1977 жылдары Чапаев аудандық мәдениет үйінде автоклуб меңгерушісі болып жұмыс істеді.

1978 жылы Алматы қаласында № 163 балалар бақшасында балалар күтушісі, 1979 – 1980 жылдары балалар тәрбиешісі болып жұмыс жасап жүргенде «балалар тәрбиешісі» курсы бітірді. Сол жылдан бастап Чапаев өндіріс комбинаты бала бақшасында тәрбиешісі болып жұмыс істеді.

1981 – 1987 жылдары Чапаев аудандық кітапханасында жұмыс жасады.

1987 жылдан бері В.И.Чапаев атындағы мұражайда алғашында экскурсовод болып, кейін мұражай қор сақтаушысы қызмет істеп келеді.

2006 жылдан бастап Батыс Қазақстан Гуманитарлық Академиясында «Тарих» факультетінде білімін жалғастырды.

Харесова Гүлсім – 1968 жылы Калмыков селосында дүниеге келген. Краснояр орта мектебін бітірген. Білімі арнаулы орта. Орал мәдени-ағарту училищесін бітіргеннен кейін орталық кітапханада, кейіннен Қырыққұдық ауылдық кітапханасында кітапханашы болып жұмыс жасаған.



Черкаева Зинаида Васильевна 1936 жылы 22 мамырда Саратов облысының Н-Белковка селосында жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1944 жылы Саратов облысындағы Пугачев қаласында 1-ші класқа барып, 1951 жылы 7-ші класстық мектепті бітіреді. 1952 жылы Саратов қаласындағы кітапхана техникумына оқуға түсіп, 1955 жылы 30 маусымда № 404456 көпшілік кітапхананың кітапханашысы мамандығын игеріп шығады. 1955 жылдың тамыз айынан Орал облысы, Чапаев ауданы, Чапаев ауылындағы кітапхананың аудандық кітапхана меңгерушісі қызметіне кіріседі. 1956-1965 жылдар аралығында отбасылық жағдайымен жолдасы Черкаев Геннадий Павловичпен

комсомолдық жолдама арқылы Соколвско – Сарбайск . руднигіне құрылысқа барады.

1965 жылы жолдасының туған жері Орал облысы, Чапаев ауданына қайтып келіп, Чапаев ауданындағы орталық балалар кітапханасына кітапхана меңгерушісі болып жұмысқа кіріседі.

1965-1991 жылдар аралығында кітапхана аралық абонементі, ЦКХ, кітапханашы қызметтерін атқарып, көп жылдар әдістеме бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарып ауданның кітапхана ісін көтеруге адал және ерекше еңбек етті. 1991 жылы кітапханадан зейнеткерлік демалысқа шықты. Кәзіргі уақытта Саратов облысында тұрып жатыр.



Чунгулова Алма 1946 жылы Жәнібек ауданы, Орда селосында туды. 1953 жылы мектепке барады. Казталовка ауданына көшіп келіп 4 – 7 класты Қошанкөл, Қараоба мектебінде оқып, 8 – 11 класты Казталовка ауданының Алма Оразбаева атындағы мектепті бітіріп, 1964 – 65 жылдары Орал педагогикалық институтына оқуға түсіп анасының денсаулығына байланысты тастап кетіп, Казталовка мәдениет бөліміне биші болып істеп облыстық, республикалық конкурстарға қатысып бірнеше дүркін дипломдармен марапатталды. 1966 жылы облыстық филармонияға биші болып жұмысқа орналасты. 1970 жылы тұрмысқа шығып, Чапаев мәдениет бөліміне жұмысқа орналасып, 1974 жылға дейін істеді. 1974 жылы Жамбыл совхозының алғашқы ашылған кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істеді. Ол кезде үнемі кітапханашылар егіс алқабындағы диқаншыларға кітаптар алып барып тұратын болған. 1981 – 1985 жылдары мәдениет үйінің директоры болып жұмыс істеді, 1985 – 1995 жылдары Чапаев мәдениет бөліміне қайтадан жұмыс істеді.

Концерттік бригаданың белсенді мүшесі ретінде, облыстық ақындар айтыстарында халық атынан сөйлеп, қошаметке бөленді. Жергілікті жердің депутаттығына сайланды. Қазіргі уақытта зейнеткер, Тасқала ауданында тұрады.



Шадманова Сәуле Қадырғалиқызы 1955 жылы жұмысшы отбасында дүниеге келген. 1963-1973 жылдар аралығында Киров орта мектебін бітірген. 1990-1992 жылы Орал мәдени-ағарту училищесінде оқып, 1974-1997 жылдан бастап Тегісжол ауылдық кітапханасында жұмыс жасады. 1997 жылдан осы кезге дейін Алғабас кітапханасының меңгерушісі болып қызмет істеп келеді.



Шолаева Назима 1940 жылы Краснояр ауылында туған. 1958 жылы Сармандағы оқу үйіне, қызыл отауды қабылдап алды. 1966 жылдан Сарман ауылдық кітапханасы деп аталып, сол кітапханаға кітапхана меңгерушісі болып қабылданды. Облыстық кітапхана жанындағы арнаулы курстан өткен. 1988 жылы 31 жыл кітапханада еңбек етіп, құрмет демалысына шықты



Шарипова Венера Досқалиқызы 1966 жылы Ақжайық ауданы, Первомай совхозында дүниеге келген. 1973 жылы 10 жылдық мектепті бітіріп, 1983 – 1985 жылдары Орал мәдени – ағарту училищесінде клуб меңгерушісі бойынша мамандық алып шықты. 1974 – 1997 жылдан бастап Тегісжол ауылдық кітапханасында қызмет атқарды. 1986 – 1987 жылдар аралығында Жамбыл мәдениет үйінде көркем - өнер жетекшісі міндетін атқарды. 1997 жылдан бастап Алғабас ауыл кітапханасының меңгерушісі. Жұмыс өтілі 20 жыл, кітапханада 15 жыл.



Шадманова Жәмиля Бекетқызы 1987 жылы дүниеге келген. Ол 2005 жылы Құрманғазы атындағы саз колледжіне түсіп, 2007 жылы аталған колледжді «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша аяқтады. 2006 жылдың ақпан айынан Қарағай ауыл кітапханасының кітапханашысы болып қызмет атқарады. 2008 жылы аудан кітапханашыларының арасында өткен «Үздік кітапханашы» байқауының жеңімпазы



Шункеева Жеңіс Сүндетқызы 1945 жылы 9 мамырда Қожахар (қазіргі Жаңабұлақ) ауылында дүниеге келген. 1952 жылы Қожахар ауылында мектепке барды. 1959 жылы жеті жылдық класын бітірді. 1960 - 1964 жылдары аралығында «Родник - Новый» (сол уақыттағы аты) колхозында ауылшаруашылықтың әр саласында жұмыс жасады. 1964 – 1967 жылдар аралығында Ақтөбе мәдени ағарту училищесінің кітапхана бөліміне оқуға түсіп бітіріп шықты. 1967 – 1968 жылдары жолдамамен Гурьев облысының Қызыл – Цова ауданының ауылдық кітапханасының оқу залының меңгерушісі болып жұмыс жасады. 1968 – 1969 жылдары Чапаев ауданының Еңбек совхозының Абай бөлімшесінде кітапханашы болып жұмыс жасады. 1970 – 1974 жылдары Еңбек совхозының кітапханасында кітапханашы болып жұмыс істеді.

1974 – 1980 жылдары Бітік клубында әрі клуб жанындағы кітапханада жұмыс жасады. 1980 жылы дербес кітапхана ашылды. Осы жылдан бастап 2005 жылға дейін жұмыс жасады. Қазір зейнеткерлікте.



Шанаев Қайрат 1964 жылы дүниеге келген. 1971-1981 жылдар аралығында Чапаев ауылындағы онжылдақ мектепті аяқтады. 1988 жылдан Орталықтандырылған кітапхана жүйесінде суретші – безендендіруші қызмет атқарып келеді.



Юсупова Сандугаш Жаңабайқызы 1965 жылы 22 қаңтарда Атырау облысы, Балықшы ауданында дүниеге келген. 1982 жылы мектеп бітірген. Сол жылы Орал мәдени – ағарту училищесінің кітапханашы бөліміне оқуға түсіп, 1984 жылы бітірген. 1984 – 1987 жылдары «Первомайский» совхозының ауыл кітапханасында жұмыс істейді. Қазіргі уақытта жеке кәсіпкер, Орал қаласында тұрады.